

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шашпақ...*
АБАЙ.

«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

11/2018

ҚАРАША

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұршиа Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

	МАЗМҰНЫ	
Г.ЖҮСПОВА.	Мөлтек сыр	3
Қ.БӨЛЕЕВ. Ж.М.САУРЫҚОВА.	<u>Ата дәстүр – асыл қазына</u> Келін түсіру дәстүрінің келінді тәрбиелеудегі ролі	5
Б. М. БАЙҒАЛИЕВА.	<u>Танымал тұлға</u> Шоқтығы биік педагог.....	17
Ә.Ә. ПІРІМОВА.	<u>Ұстаз ұсынысы</u> Жаңартылған білім мазмұны негізінде қазақ тілі пәні бойынша қысқа мерзімді жоспарлаудың тиімді тәсілдері.....	23
С.А. КАЖИКЕНОВА.	Оқытуды зерттеудегі «4 парақ» әдісі.....	34
Л. Е. ШЫРДАБАЕВА.	Функционалдық сауаттылықты дамыту – оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуының негіздемесі.....	36
Қ.Қ.ТОҒАСБАЕВА. Б.Ш.ТОЙКЕНОВА.	Бағалау және оның түрлері (<i>Тәжірибелі мұғалімдердің жас мамандарға өткізген шеберлік сабағы</i>).....	39
Ф.С. АНАРБАЕВА.	<u>Шынайы шындық</u> Тіл – арың, діл – жаның.....	48
Г.КҮЛЕКЕНОВА. Г.БУРХАНОВА. А.ИСМАГУЛОВА.	<u>Тілдер әлемі</u> Менің отбасым (5-сыныпқа арналған «Тілдер әлемінде» тақырыбындағы таңдау курсына (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) өткізілген сабақ жоспары үлгісі).....	54
Н. Е. МҰНАЙТБАСОВА. Г.С. ШАХАМАНОВА.	<u>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</u> «Алып Ер Тұңға» жырының тілдік ерекшелігі..... Махамбет Өтемісұлының жалынды жырлары. Менің атым – Махамбет.....	60 67
Ү.С. КӘРІБАЕВА. Э.Б. ӘБДІРАХМАНОВА.	<u>Бір тақырыпқа екі жоспар</u> Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі..... Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі.....	73 81
Ш.ҚАПЕЗОВА. Ж. МЕЙРХАНОВА. К.Ж. ӘДІЛОВА.	<u>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</u> Наурыз – жыл басы..... Фастфудтың зияны..... Әр елдің салты басқа.....	89 98 105
Г.С. АБУОВА. Г.М. НСАНОВА. К.Т. ТЛЕКБАЕВА.	<u>Білім бастауы – Бастауыш</u> Құстар – біздің досымыз..... Мен не үйрендім?..... Кейіпкерлерді сипаттаймын. “Ю” әрпі.....	110 118 125
Ж. Д. ТӨЛЕУБАЕВА.	<u>Өмір-өлең</u> Ұстазыма..... Сөнбес шырақ..... Біз осы Шаһкәрімді білеміз бе?	131 132 133
Р.Б. ҚАРАҒҰЛОВА. А. ҚАЙНАҚАЕВА. Г. КАЛДИНА.	<u>Кітапхана тынысы</u> Р.Ғамзатов – мейірімділік пен адамгершілік ақыны..... Тәуелсіздікпен түрленген мәдениет..... Кітапханашылар Ел Президентінің Жолдауына сай жоспар жасауда.....	135 139 142

Мөлтек сыр

ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!

Айта-айта жауыр болған бір мәселені сіздерге тағы да қозғағалы отырмын. Ол – біздің қазақ журналы. Өздеріңіз де білесіздер, мына кемелденіп, көздегенге қолымыз жететін заманда қазақ тілі басылымдарының шеттетіліп келе жатқаны белгілі.

Тамырын анау тереңнен, А.Байтұрсынов заманынан, бастау алатын “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналының тағдыры қазіргі уақытта сіздермен байланысты. Осы ретте бір кездерде өшіп бара жатқан журналды жарыққа жарқ еткізіп шығарып, денсаулығын, ақтық демін тілге арнаған, журналдың бас редакторы болған З.Шілдебайұлының:

...Жоғалтып ала жаздаған,

Тілімен елім қауышты.

Маңдайға бұрын жазбаған,

Көтердік еңсе, дауысты.

Иманды ата дәстүрін,

Жаңадан ғана қолға алдық.

Болуға күш сап тас түйін,

Жас ұрпақ жайын толғандық.

*Айғағы соның – журналың,
Ашылған қайта бағыңа.
Ашыса егер шын жаның,
Жазылғын, сын – бұл арыңа.*

*Мұқият қарап, оқығын,
Айырып, асыл жасығын.
Көңілге нәрін тоқығын,
Айтқын тек сөздің ашығын.*

*Жіберіп ойлы мақала,
Журналдың өсір беделін.
Қалмасын қапы ата-ана,
Үнемі алып керегін.*

*Абырой бермес құр атақ,
Еңбегің болсын – сенерің!
Нашар боп шықса – ұят-ақ,
Жақсы боп шықса – мерейің!*

*– деген жүректі жара шыққан, сіздерге
арнаған сырларын жолдай отырып,*

*“Ұстаздар! Қазақ тілінің тағдыры – тікелей
сіздердің еңбектеріңізде, мамандықтарыңызға
деген адалдықтарыңызда! Жоғалтып
алмайық, төл журналдарыңызға жазылуды
ұмытпаңыздар!” – дегім келеді.*

Журналдың редакторы Г.Т. ЖҮСІПОВА.

Ата дәстүр – асыл қазына

ӘОЖ 37.01

Қ.БӨЛЕЕВ,
педагогика ғылымдарының
докторы,
Тараз инновациялық-
гуманитарлық университетінің
профессоры.
Тараз қаласы

Ж.М.САУРЫҚОВА
педагогика ғылымдарының
магистрі,
Phd докторант.
Тараз қаласы

КЕЛІН ТҮСІРУ ДӘСТҮРІНІҢ КЕЛІНДІ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ

Мақалада қазақ халқының келін түсіру дәстүрінің – келінді қарсы алу, келін көші, келін отауы, келін түсіру гұрпы, келін тойы, той бастар, беташардың мазмұны мен тәрбиелік мәндері ашып көрсетілген.

Түйінді сөздер: келінді қарсы алу, келін көші, келін отауы, келін тойы, тойбастар, беташар, келін сәлемі.

В статье раскрыта сущность традиционных понятий – встреча невесты, кочевья невесты, юрта для молодых, торжество невесты, открывание лица невесты, приветствие невесты.

Ключевые слова: встреча невесты, кочевье невесты, торжество невесты, открывание лица невесты, приветствие невесты.

In article the essence of traditional notions of meeting sisters-in-law, sisters-in-law, yurt kочевья for young, the triumph of sisters-in-law, opening the face sisters-in-law, greeting sisters-in-law.

Keywords: Meeting sisters-in-law, Trieste sisters-in-law, sisters-in-law, celebration opening faces sisters-in-law, greeting sisters-in-law.

Қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша белгіленген уақытта атастырылған қызды жасауымен ұзатып әкелуді **келін түсіру** дейді. Келін түсірудің қалыптасқан салт-дәстүрі мен іс-шаралары, ырымдары бар. Олар *келіншек көшін қарсы алу, қыз киімін ауыстыру, шымылдық құру, атасының үйіне кіргізу, отқа май құю, үйлену тойын өткізу, келіннің бетін ашқызу, т.б. дәстүрлі шараларды қамтиды* [1, 2, 6].

Келінді қарсы алу – *келіншек көшінің алдынан шығып күтіп алу*. Қалыңдық жасауы, қызға берілген дүние-мүлік артылған көш қыз ауылынан шығып, келін болып түсетін ауылына жақындағанға дейін **«қыз көші»**, ауылға жақындағанда, **«келіншек көші»** деп аталады. Ұзатылып келе жатқан қыздың басына салған сәукелесі мен киімі, мінген аты, күмістелген ер-тоқымы, түйеге артқан жүгі мен жабылған кілемі, басқұрмен шандыған қоршауы, т.б. көз тартатын сәнді болады. Келіншек көшінің осындай әдемі көрінісін **«келін салтанаты»** деп атайды. Келіншек көшіндегі келінге тігілетін отаудың шаңырағы жеке түйеге артылып, басқаларынан барынша безендірілген түйе көшті бастап алдында жүреді. Оған адам мінбейді, мұндай сәнді түйені атпен жетелейді. Келіншек көшін бастайтын шаңырақ артылған түйені **«шаңырақ түйе»** деп атайды. Келесі бір түйеге келіннің ең жақын адамдары – қыздың шешесі, жеңгесі, сіңлісі мініп келе жатады. Олар мініп келе жатқан түйені де шаңырақ түйе деп атайды. Оған бұлардан басқа бөтен адам, яки жолшыбай кездескен адам мінбейді. Өйткені, ол түйе келін үшін өте ыстық, қасиетті мал болып саналады.

Ал қандай да бір себеппен бөтен адам ол түйеге міне қалса, оны көрген жұрт *«... пәленше келіннің шаңырақ түйесіне мініп келді»* деп мазақтаған.

Шаңырақ түйе бастаған келіншек көшін жол бойында кездескен ауылдың әйелдері, жастары шаңырақ түйені жетелеп келе жатқан аттың ноктасынан немесе түйенің жез бұйдасынан ұстап, **«түйемұрындық бер»** деп кәде сұрайды. Қыз шешесі оларға сыйлық беріп, түйемұрындық кәдесін алғандар жастарға бақыт тілеп, **«жол болсын!»** айтады. Келіншектің салтанатты көші күйеу ауылына жақындағанда, ауылға хабаршы жіберіледі. Көш ауылға таяп келгенде, жасаулы көштің алдынан қыз-келіншектер, әйелдер шымылдық, орамал алып шығып, шашу шашады. Келінді, оның шешесі мен жеңгелерін қыз-келіншектер аттан түсіріп, келіннің басына бүркеншік салады. Осындай қызметі үшін оларға білезік, сырға, моншақ тәрізді кәделер беріледі. Келіннің салтанатты көшін бастап келе жатқан қыз жеңгесін **«мұрындық ана»** дейді. Мұрындық анаға мұрындық, түйемұрындық деп аталатын кәделер беріледі.

Қарсы алуға келген әйелдер келінді атынан түсіріп, басына желек жауып, әйелдердің біреуі келіннің атына мінеді. Салт бойынша келіннің атын жолы жақсы, өмірі баянды, балалы-шағалы, ибалы әйелдердің бірі мініп, елден бұрын ауылға жетеді. Оны ауыл адамдары шашу шашып қарсы алады. Келіннің атына мінген адам аткөрпенің арасына салынған **«тоқым тартар»** деп аталатын кәдені алады. Келіннің атын мінген әйелге әлгіндей талап қойылатын себебі: *«келін де соның ізін бассын, перзентті болсын, бақытын тапсын, дәулеті шалқысын, әдепті болсын»* деп ырымдаудан туған. Келінді қарсы алуға шыққан адамдардың бір тобы жүк

артылған көліктерді бастап ауылға әкеледі. Бұл топты да есік алдында жиналып тұрған әйелдер шашу шашып қарсы алады. Дәстүр бойынша шаңырақ түйенің алдынан шығып, бұйдасын кім бұрын ұстап, ауылға, есік алдына жетелеп келсе, оны **«түйемұрындық ана»** деп, жолын жасап, кәдесін береді. Жылдамдатып, келінді түсіретін отау үй тігіледі.

Отау үйдің шаңырағын ауылға сыйлы, беделді ер-азамат көтереді. Шаңырақ көтеретін бақанды демеп ұстау ауылдағы бала-шағасы көп, ауыл-аймаққа қадірлі анаға тапсырылады. Басқа әйелдер мен қыз-келіншектер үйдің керегесін тұрғызып, уығын қадап, туырлығы мен үзігін, түндігін жабады. Келінді отауына кіргізіп, шымылдық ішіне отырғызып, қасына бірнеше қыз-келіншектерді қосады. Кейбіреулер көргісі келіп, шымылдықтың ішіне кіріп, келіннің бүркеншігін ашып көріп, кетіп те жатады.

«Келінді келгенде көр, септі жайғанда көр» дегендей, теңдер шешіліп, септер жайылып, келіннің жасауын жұрттың көріп шығуы үшін отаудың алдына яки ішіне қоятындарын (жиһаз, ыдыс-аяқ) қойып, ілінетіндерін (киім, мата, тұскиіз, қаршын, т.б.) іліп қояды. Жасауды ең алдымен жігіттің әкесі, шешесі көріп шығады, артық-кемді бағасын береді, тілектерін айтып, дұға қылады.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» дегендей, келінді қарсы алуға дайындық туған-туыс, ауыл-аймақтың әзіл-қалжың, ойын-күлкі, көтеріңкі көңіл-күйімен жасалады. Одан кейін келін түсіру рәсімдері орындалады.

Келін түсіру гұрны. Келін күйеу жұртына, дәстүр бойынша, жасауымен келіп түседі. Жігіт әкесі үйінің оң жағына келін түсетін отау үй тігіліп, онда келіннің жасауы қойылады. Жиналған жұрт жасауды, келіннің

киімдерін көреді. Шымылдық құрылып, оның ішінде басына бүркеншек салған келіншек отырады. Келгендер келіннің бетін ашып көреді.

Кеш түсе үлкен үйге күйеудің туыстары жиналады. Екі әйел келіншекті екі жағынан қолтықтай сүйеп, ата-енесі отырған үйге алып кіреді, бір топ әйел оларға ілесе жүреді. Келіншек табалдырықтан аттасымен түзесін бүгіп, ошаққа жеткенше үш мәрте сәлем етеді. Үй ортасында жанып тұрған отқа жақындағанда, әйелдердің біреуі май құйған бақырашты қолына ұстатып, отқа май құйғызады. От маздай жанып жарқырай түссе, оны жақсы ырымға жориды. *«Май ана, От ана, өзің жарылқай гөр»*, – деп, кекселеу әйел отқа қақтаған алақанын келіншектің маңдайына тигізіп, төсін сипайды [4].

Бұл рәсімнен соң, келін түсіру тойы басталып, ауыл-аймақтан тойшылар жинала бастайды. Мал сойылып, саба-саба қымыз әзірленеді. Тойға келген соншалықты көп адамға қымызды пісіп үлгері алмай жатады. Мұндайда сабаларды бір-бір жорғаға артып жібереді. Есейіп қалған балаларды жорғаға отырғызады. Олар атты ары-бері жорғалатып, қымызды піскен қымыздан бір кемдігі жоқ етіп алып келеді.

Күн ауа той қызығы қыза түседі. Аңқылдап бәйге аттары келеді, палуан күресте, жамбы атуда, т.б. спорттық ойындарда оза шапқандарға бір тоғыз, үш тоғыз, бес тоғыздан сыйлық беріледі. Ақындар айтысынсыз, қыз бен жігіт айтысынсыз той өтпейді.

Тойдың ең бір қызықтысы – **тойбастар жоралғысы**. Тойбастарды қай рудың бастайтыны жолдасу жоралғысы арқылы айқындалып, жолы үлкен ру өз ортасынан тойбастар өлеңін айтатын адамын сайлайды. Оған өзге руластары қосылып, тойбастар әнін әуелете шырқайды.

Өлеңнің мазмұнында той бастаудың өнер екені, қол бастаумен бара-бар мәртебелі болатыны айтылып, той иесінің, той жасап отырған әулеттің атына құтты болсын тілегі айтылып, мадақталады. Той бастаған адамға шапан, кездеме, әйелдердің басына тартатын жібек орамал, т.б. тоғыз-тоғыздан құралған тойбастар кәдесі беріледі. Той бастаған адам тойбастар кәдесінің айтулысын өзіне қалдырып, басқаларын *«сіздерде де той болсын»* деп қасындағыларға таратады.

Ел ішінде тойбастардың көнеден келе жатқан үлгілері көп-ақ. Солардың бірінде былай деп айтылады [3]:

*Айбастаған, бабалар, айбастаған,
Арқар мүйіз ақ серкеш қой бастаған.
Бұрын-соңды той бастап көргенім жоқ,
Жаңылдырма тілімді той бастаған.
Арқа сүйер асқар тау ағаларым,
Сеңсеңменен көмкерген жағаларын.
Бұрын-соңды той бастап көрмен едім,
Қуат берген тіліме, бабаларым.
Бісімілла деп әуелі тойды бастар,
Көк серке көсем келген қойды бастар.
Әкесі бойжеткеннің мырза болса,
Тойына шапан тұрмақ, жамбы тастар.
Бісімілла деп бастайды тойдың басын,
Әумин деп көтерер қойдың басын.
Әкеміз – аударған ала қағаз жетік галым,
Тәрде отырып болжайды құбыласын.*

Қыздың шешесі тойдан соң, таңертең қыз-келіншектерге тағы да бірсыпыра сыйлықтарын үлестіреді. Кешке қарай келінді бетін бүркемелеп, қайынатасының үйіне алып келеді. Келін табалдырықтан аттасымен, тізе бүгіп сәлем жасайды. Қыз туыстарының бірі осы кезде күйеу жігіттің әкесіне шапан не мата сыйлайды.

Қайынатасы келінге *«көп жаса, балам!»* деп батасын беріп, дұға оқиды. Келін тағы да ілгері бір адым басып, сәлем салады. Атасы тағы да батасын беріп, келіннің бөстектің үстіне отыруын сұрайды. Келін тағы да сәлем беріп, атасы отыруын қайталап айтқаннан кейін ғана жұмсақ бөстекке отырады. Сонан соң қонақтарға бір бөлек, келінге бір бөлек табақ тартылады. Қайынатасы өз табағынан келінге сыбаға жібереді. Келін оны орнынан тұрып, сәлем салып барып қабылдайды. Атасы тағы да батасын беріп, дұға оқиды.

Келіннің бетін ашу. Тамақтанып болғаннан кейін келіннің бетін ашуға кіріседі. Келінге көрімдік сұрап, беташар айтады.

Қайынатасы бір үйір жылқы, шешесі бір түйе тоғыз, басқалары да шамаларына қарай сыйлықтарын атайды. Әрқайсысы беретін көрімдігін атаған сайын келін бетіндегі жаулықты көтеріп, бетін ашады, келін тізе бүгіп, сәлем береді. Күйеу жігіттің бұл арада тұру-тұрмауына мән берілмеген.

Беташар – құдалық салтындағы жыр түрінде айтылатын ойын-сауық жоралғыларының бірі. Қазақ салтында келіншектің бетін белгілі жыршы жігіт ашады. Келіннің бетін *ақ жібек шүберек байланған бір шыбықпен, Сыр бойында қамыспен, сондай-ақ үкілі домбырамен* ашады. Олай болатыны *ағаш, қамыс – өсіп-өркендеу, ұрпақ тарату мағынасындағы белгіні білдіреді.*

Кейде келіннің бетін қамшымен де ашады. ***Қамшы*** – *биліктің белгісі, сондықтан келіннен туған бала, ел билейтін азамат болсын деген түсінікті аңғартады.*

Бұл жоралғы мазмұндық жағынан үш бөлімнен тұрады: *келін таныстыру; келінге күйеу жұртының игі жақсылары мен туыстарын таныстыру; келінге*

жол-жоба сілтеу.

Бірінші бөлім: «Келін, келін келіп тұр, иіліп сәлем беріп тұр» деп басталып, келіннің көркі, ақылдылығы сипатталады [5]:

*Келін, келін келіп тұр,
Көрімдігін беріңіз.
Ала-құла демеңіз,
Атын айтып беріңіз.
Суға біткен құба тал,
Талды көр де, бойын көр.
Кеңеске салып ойын көр,
Инені бер де ісін көр,
Меруертті көр де, тісін көр,
Қауынды көр де, иегін көр,
Күйені көр де шашын көр.
Қаламды көр де, қасын көр,
Қарды көр де, етін көр.
Қар үстіне қан тамса,
Қанды көр де, бетін көр.
Жаңа келген келіншек.
Бұл отырған, жарандар,
Ашайын да – бетін көр.*

Ал, екінші бөлімде “бір сәлем” сөзі үнемі қайталанып отырады. Күйеудің туыстары мен елдің игі жақсылары келінге таныстырылып, әулеттегі, ауыл-аймақтағы орны түсіндіріледі. Оларды танып-біліп, ізет көрсету керектігі айтылып, тізесін бүгіп еңкейтіп, сәлем еткізеді. Ал, жаңа түскен жас келіннің тізесін бүгіп, еңкейіп сәлем салуы «*айтылған талаптар мен міндеттерге көндім, мойынсұндым*» деген мағынаны білдіреді [5]:

*Тағзым қылып атаға,
Құрмет қылып енеге,*

*Иіліп сәлем етпек бар,
Жағалап саған келемін
Әуелі көпке бір сәлем!
Ана отырған атаңыз,
Атаңызға бір сәлем!
Ертелі – кеш жатады,
Төрінен қонақ арылмай.
Сол қонақты атқарған,
Ренжіп әркез тарылмай.
«Қолыма келін келсе», – деп,
«Соны бір көріп өлсем», – деп,
Көп тартты сенің зарыңды-ай!
Ана тұрған енеңіз,
Сол енеңізге бір сәлем!
Ана тұрған қайнаға,
Қайнаға деген қай аға?
Келін бүгін келген соң,
Мерекелі той жасап,
Асып отырған пайдаға,
Сол қайнағаға бір сәлем!
Мынау тұрған қайнысы,
Қайнысы деген қай кісі?
Бұрынғы түскен жеңгеден,
Болатын еді қайынның
Атан түйе бәйгесі.
Жеңгесін көріп қуанып,
Бедеу атын байланып,
Шабам деп тойға салынып,
Мынау тұрған қайныңыз,
Сол қайныңызға бір сәлем!
Төрде тұрған бикешің,
Жібектен ескен шүйкесін,
Бар жасауды алған соң,*

Теңіне буып шалған соң,
Мен де осындай болам деп,
Құрып тұр оның жүйкесі,
Сол бикешке бір сәлем!
Жаныңда тұрған абысын
Абысын деген аңдысын,
Оныменен ұрыспа,
Өзі тисе, қалыспа,
Абысыңға бір сәлем!

Үшінші бөлім: «Айт келін-ау, айт келін» деп басталады. Бұл бөлімде жыршы жас келінге жол-жоба сілтейді. Ата-енеге, алыс-жақын ағайынға сыйлы, қайын сіңлі, қайындарына қадірлі жеңге, сыйлас абысын, ардақты ана бола білудің жол-жобасы айтылады [5]:

Айт келін, айт келін,
Аттың басын тарт, келін,
Сауысқандай сақ келін,
Жұмыртқадан ақ келін.
Алдыңғы түйең итіншек,
Итіншек деп, келіншек,
Басқа ұрма, келіншек.
Артқы түйең тартыншақ,
Тартыншақ деп, келіншек,
Көтке ұрма, келіншек.
Айдан аппақ, келіншек,
Кейінгі келген, келіншек,
Еріншек болма, келіншек,
Кей келіншек көңілшек,
Көңілшек болма, келіншек.
Көк етігім тозар деп,
Көтере баспа, келіншек.
Сауры етігім тозар деп,

Сынай баспа, келіншек.
Қаптың аузы бос тұр деп,
Құрт ұрлама келіншек.
Өзің, жатып байыңа,
Тұр-тұрлама, келіншек.
Аузы-басың сүйреңдеп,
Өсек айтпа, келіншек.
Бетің ашық болған соң,
Дудардай қылып басыңды,
Төсекте жатпа, келіншек.
Әдепті болып, амал ет,
Ағытайын сырыңды,
Ішіңдегі зарыңды.
Сыйлап ата-енеңді,
Құрметтен күт жарыңды.
Туған соң қызды ұзатқан,
Бұрыннан үлгі қалғаның-ды.
Келіншек болып бүркеніп,
Басыңа желек салынды.
Мен айтайын жырымды,
Той бар деп елге білінді.
Шыққан ерің үлгілі,
Елге де толық ұғулы,
Тәкәппар болма ешкімге.
О, қыздан келін болған көп,
Сіздер тұрғай бұрынғы.
Оу, мінгенде атым ақсайды,
Біреуменен ойнасаң,
Күйеуіңе жақпайды,
Бұрынғы жақсы келіншек,
Түске шейін жатпайды.
Көрінесің көзіме,
Ақылыңыз бар құсап,

*Қатарыңнан қалыспа.
Сөз сөйледім үлгілеп,
Кесімі бар кім білед.
Ерінбесең, келіншек,
Енді өзіме сәлем ет!*

Беташар аяқталған соң жасы үлкен әйелдер *«Той құтты болсын!»* деп, өрік-мейіз, құрт-ірімшіктен шашу шашады. Шашудың мәні *«жиган-тергенің тойға шашылсын»* деген мағынаны білдіреді.

Тойдан кейін қыз шешесі ақылын айтып, қызымен қоштасып жолға шығады. Ауылдың жас келіншектері сыйға тартқан малды жетектеп, оны ауыл сыртына дейін шығарып салады.

Сонымен, қазақ халқында келін түсіру дәстүрі осылай келін көшін қарсы алудан басталып, үйлену тойымен аяқталады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халықының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1994. - 224 б.
2. Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. – Алматы: Санат, 1998. - 256 б.
3. Үйлену тойы / Құрастырған Б.Жүсіпова. –Алматы: Көшпенділер, 2002. - 52 б.
4. Құттыболсын тойларың!: той кітабы/Құрастырғандар: Б.Сапаралы, Ж.Дауренбеков. – Алматы: Өнер, 1992. - 732 б.
5. Беташар / Құрастырған Ж.Дауренбеков. – Алматы: Өнер, 1991. - 256 б.
6. Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Оразымбетқызы А. Ұлттық тәрбие (салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде). – Алматы: ҚазҰПУ, 2011. - 164 б.

Танымал тұлға

Б. М. БАЙҒАЛИЕВА,
«№58 жалпы білім беретін мектеп» КММ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері.
Алматы қаласы,
Алмалы ауданы

ШОҚТЫҒЫ БИІК ПЕДАГОГ

*Келсе де сан тығылып сөз алқымға,
Мен сенің мейіріміңді жаза алдым ба?
Тек қана өзен болып жатады ағып,
Таусылмас мол білімің көз алдымда.*

Т. Айбергенов.

Уақыт ұршығы дөңгеленген дүниені дүрмекке бөлеп, тынымсыз зырылдайды. Тізгін тарттырмас тұлпардай, қанаты талмас сұңқардай жүйрік, қамшы салдырмайды. Айды-айға, жылды-жылға ілестіріп, өтіп жатқан күндер...

Міне, «Білім» деген үлкен айдында сенімді әрі еркін жүріп келе жатқан алып кеме бағытын анықтап, ақ желкенін көтеріп, жағаға келіп тоқтады. Қыз қайындар жапырағын жайып, бала теректер бой түзеп, дүниенің бәрі жасыл желекке бөленген. Күннің көзі біресе жадырап, көңілді ниет танытады. Енді бір сәтте ашуланып, қабағын түйеді.

Достарыма қараймын да, кешегі алаңсыз өткен балалық күндерді ойлап, көңілім босап, жанарыма қимас сәттің тамшысы оралады... Қоштасар сәт жақындаған сайын жүрегім дірілдеп, қимастық сезім бойымды биледі. Албырт жастық шақты арманына

жетелейтін, ізеттілік пен ізгілікке тәрбиелейтін, үлкен өмір баспалдағына аяқ басар сәтте жаныңнан табылар, ақылшысы һәм серігі, досы бола білетін ұстаз үшін шәкірт алтыннан да қымбат. Қыран құс өз балапанын қияға ұшырар алдында: *«Ал, балапаным, сенің қанатың қатайып, ұшқалы тұрсың. Қанатың талмасын, аспанның биігіне, биігінің биігіне самғай бер!»* деген тілек айтады екен. Ендеше, әрбір ұстаздың жүрегіндегі шәкіртіне деген тілегі осы болар.

Адам есейген соң балалық шағын, мектепте оқыған кезін, достарына деген сағынышын, ерекше сезіммен еске алмай ма?! Олай болса:

*Әліппемен ашып өмір есігін,
Тербетті сені «Білім» деген бесігің.
Өмір деген өрлі өзенге шомылып,
Жаттап өстік алғашқы ұстаз есімін, –*

деп, сол бір сәтте алғашқы ұстазыңды да сағына еске аласың...

Иә, сол кешегі ата-анасының аялы алақанын, өнегелі тәрбиесін көріп өскен, кішкентайынан ән айтуға құмар болып, Бибігүл, Роза апайлары сияқты жезтаңдай әнші әпкелеріне ұқсауға тырысып баққан, тұлымшағы желбіреген қызды ата-анасы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіріп, қатарының алды болуға тәрбиелеп, бойына парасаттылық пен мәдениеттілікті дарытты. Ата-анасы ақ батасын беріп, үлкен өмір жолына сәттілік тілеп шығарып салды.

Ата-анасының ардақтысы болған, киіктің лағындай ерке қыз оқуын тәмамдап, үлкен Алматы шаһарына келді. Студент атанды ...

Иә, сол күндер... Алаңсыз қуанышы мен қиындығы араласып жататын студенттік өмірді күнделікті қарбалас тіршілікке алмастырып, «өмір көші» атты сара жолға

жолдама алдым. Осы уақыт аралығында ұлағатты, жастардың нағыз қамқоршысы, жанашыры болып жүрген тәжірибелі ұстаздардан тәлім-тәрбие алып, мұғалімдіктің қыр-сырын ғана емес, кісіліктің келбетін көргендей болдым. Өмірде түсінгенім – мұғалім болу үшін ең алдымен адам болып қалыптасу керек. Иә, дәл солай. Міне, менің ұстазым, осындай жан еді. Ол – қазақ педагогикасының шоқтығы биік тұлғасы, дархан даламыздың дана ұстазы, Қазақтың хан апасы Қанипа Омарғалиқызы.

«Әр сөзінде даналық тұнып тұратын, Өзіңе ұқсау – менің де басты мұратым» – деген шәкірт жүрегінен шыққан ақ тілек жүзі мейірімге толы, жаны жаңалыққа құмар, қашан көрсең де қамқоршың болып қасыңнан табылатын жаны дархан, жүрегі мейірім мен шапағатқа толы Қазақтың хан апасы Қанипа Омарғалиқызына арналса керек.

Ол – сөздің сиқырлы бұлағынан өзі де қанып ішкен және оның зәмзәм тұңығының нәрін шәкіртіне де татқызудың әдіс-тәсілін шебер ойластырушы қайталанбас тұлға.

Дархан даламыздың дана ұстазының бала кезден білімге құмар болып өскені тіпті албырт жастық шақ та оның білім көзін іздеумен талмағаны – осының айғағы. Білім – кез келген ұлттың басты байлығы. Ал білімді адам – ең бай адам. Осының барлығын ерте ұғына білген Қанипа Омарғалиқызының өз ұлтын білімді ету арманының асқақ болғаны, сол арманға жету жолында аянбай еңбек еткенін көреміз.

Қазақ педагогикасына ғана емес, қазақ әдебиетіне де өшпес із салып кеткен ұлы ұстазым туралы айтылған зиялы қауым өкілдерінің ой-пікірлерін ой елегінен өткізіп отырсам, өзіміздің қаракөз қазақтың

балаларының бойына білім шуағын шашып, қаншама ғұлама-ғалымдардың, ақиық ақындардың, жалынды жазушы-журналистердің шығуына септігін тигізгенін көреміз. Сондықтан да ұстазымды мақтан ете отырып, қазақ педагогикасының мәңгі өшпес жарығы дер едім. Осы асыл қасиеттерді болашақ ұрпақ бойына дарыту – бүгінгі күннің басты мақсаты. Ұлылар даналығы мәңгі қазына емес пе?! Заманымыздың заңғар жазушысы, асыл тұлғалардың бірі Мұхтар Әуезов өзінің шәкірті Зейнолла Қабдоловтың біліміне, адамдық қасиетіне: *«Ғазиз көретін, сұлу мінез, сұлу білім, өнер иесі досым, інім Зейнолла! Дос, аға көңілден тілейтінім – сенімен бірге жүру, өзара бірге еңбектену...»* – деп, ризашылығын білдірген екен. Міне, осындай асыл ойлардан кейін менің де сағына еске алатын ұстазымның бар екеніне шүкірлік етемін. Өйткені, Қанипа Омарғалиқызының шәкірті болу, ұстазымның әрбір өткізген семинарларына, шеберлік сыныптарына қатысу, бірге жүру бір ғанибет еді.

Егер маған *«Нағыз ұстаз қандай болу керек?»* десе, мен ойланбастан: *«Ұстаздықтың Хан апасы»* атанған, әр сөзінде даналық тұнып тұратын, ұстаздардың ұстазы болған *«Қазақтың Қанипасы»* дер едім. Ол кісінің балаша аңқылдаған мінезін айтсаңшы! Мұхтар Әуезов айтқан үш өлшем – **биіктік, тереңдік, кеңдік** – осы Қанипа апайдың бойында жинақталғандай. Мен сол кісінің таудай талабының, нәзік те сырлы талғамының, терең де тұнық актерлік шеберлігінің, жан дәрігері – ұстаздық біліктілігінің алдында басымды иемін. Қанипа апайдың шәкірттері сыр шерткенде: *«Сіз буырқанған теңіз болсаңыз, сол теңізден таралған өзені болмасам да, тынымсыз ағып жатқан бұлағы болсам деп едім...»* – деп, сағына еске алады. Жүрегі қазақтың

кең даласындай данышпан ұлы ұстаздың: *«Мені ұстаз етіп қалыптастырған – шәкірттерім. Алған атақтарым, шыққан биіктерімнің бәрі – солардікі»,* – деп, ағынан жарыла айтқан толғанысы еді. Міне, осы асыл қазынадан қаншама шәкірт білім нәрін алып, өмірден өз орындарын тауып отыр. Ұстаздың шәкірті Меруерт Мұқашева: *«Әр сөзінде даналық тұнып тұрған, Өзіңе ұқсау – менің де басты мұратым...»*, – демекші, дария білімді, күн жүректі, нұр сезімді ұлы ұстазым – бақытым, бағытым.

Біздің болашағымыз саналы, тәрбиелі ұрпақпен жалғасады. *«Тәрбие тал бесіктен»* деген сөзді де дана халқымыз бекер айтпаған.

Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді! *«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау»* – деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздардың еңбегі ерен.

Халықтың: *«Ұстаз талантты болса, шәкірті талапты болады, ұстаз ақылды болса, шәкірті данышпан болады»* – деген сөзі рас айтылған. Ұстаздың балаға деген мейірімі, махаббаты – шәкіртті шығармашылыққа, жақсылыққа ұмтылдыратын қозғаушы күш. *«Жүрегіңнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла»,* – деп Ұлы Абай айтқандай, әрбір тұлға – жұмбақ. Сол жұмбақтың кілтін тауып, жүрек кілтін аша білу, әрбір жүректің

құпия сырын оқи білу – мен қалаған ұстаздық жолдың ғажайып тылсым сыры. *Ұстаз атану, оны қадір тұту, құрметтеу, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің адамдық адал борышы. Ол – өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкірттерін, алтын ұя мектебін шексіз сүйетін жан.* Мен өз мамандығымның қоғамға қажеттілігін сезіне отырып, ерекше жақсы көремін, жақсы, ұлағатты ұстаз болу үшін барлық ерік-жігерімді сарп етуге әзірмін. *Өмірде өзім үшін емес, өзгелер үшін шарапаты тиер іс атқарсам, сонда ғана өзгелердің ақ тілегі мені биікке жетелейтініне сенемін. Халқым мен Отаныма адал қызмет етіп, аз да болса еліме пайдам тисе, соның өзі маған берілген зор бақыт.* Ал мұндай бақытқа жету үшін, алға қойған мақсатымның орындалуы үшін кез келген биік белестер мен асқар асуларды бағындыруға, қиыншылықпен бетпе-бет келуге әрқашан дайын болуым керек. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен дәріс беріп қана қоймай, оны әлемдік білім деңгейіне жеткізе, қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол тек тәжірибелі, нағыз ұстаздың қолынан ғана келеді. Жүсіп Баласағұн: *«Ұлы адамның барлығы да, парыққа, Тек біліммен жеткен мұрат, данққа»*, – демекші, еліміз бен жеріміздің абыройын асқақтатып, мәртебесін өсіретін ұстаздық ұлағатты жолда адал болу – абыройлы іс. *«Өмір деген – күрес»*, – деп ұстазым Қанипа апай айтқандай, шәкірттеріме парасаттылық ұлағатын ұялатып, жарқын болашаққа үлгі болар биік тұлғамыз аласармай, асулардан аса берейік!

Міне, менің де шоқтығы биік, дара да дана ұстаздық жолымды қалыптастырған Қанипа Омарғалиқызы дер едім. Олай болса, Қанипа апамыздың педагогикаға қалдырған ізін жалғау ұлағатты ұстаздардың қолында.

Ұстаз ұсынысы

Ә.Ә. ПРИМОВА,
Абай атындағы
№138 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Қызылорда қаласы,
Абай ауылы

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЛАУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Қоғамның барлық саласында, күнделікті өмірде қандай істі қолға алсақ та, оны әуелі жоспарлаудан бастаймыз. Сол сияқты *сабақты жоспарлау – нақты оқу уақыты барысында мұғалім мен оқушының нәтижеге бағытталған әрекеттерін, оның мақсат, міндеттері мен әдістерін, тапсырмаларын құрастыру.* Жаңартылған білім мазмұнындағы *қысқа мерзімді жоспарлаудың кейбір ерекиеліктерін* өзімнің алдыңғы сабақ жоспарыммен салыстыру барысында анықтадым.

Алдыңғы сабақ жоспарымның *мақсаты білімділік, дамытушылық, тәрбиелік деп аталатын үш бөлімде қамтылды.* Оқушылардың барлығының оқу мақсатына жеткендігі көп ретте жалпылама жоспарланғандықтан, нақты анықталмады.

Ал жаңартылған білім мазмұндағы қысқа мерзімді жоспарлау үшін мына қадамдар ретімен орындалады:

1. Оқу бағдарламасын басшылыққа алу;

2. *Ұзақ мерзімді жоспардағы мақсаттар жүйесін білу.*

3. *Орта мерзімді жоспардағы белгілі бір бөлімдегі нақты ұсынылған сабақ тақырыбынан оқу мақсатын анықтау.*

Демек, ұсынылған тақырыптың *орнын анықтау* мен үшін маңызды. Себебі, ол тақырып бөлімдегі бірінші не соңғы тақырып болуы да мүмкін.

Қазіргі қысқа мерзімді жоспарлаудағы ең басты ерекшелік – оқу мақсатының айқындығы, оның сынып сайын «*Спиральді оқыту*» қазидаты бойынша күрделеніп өсуі, сабақтың сараланған мақсатындағы жоспарланған әрекеттер арқылы күтілетін нәтижеге бағытталуы болып табылады.

Қысқа мерзімді жоспарды құрылымдағанда, ең алдымен оқу мақсатын *Блумның ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкестігін* анықтап алу қажет. Оқу мақсатынан сабақ мақсатын анықтаймыз. Мұндағы әрбір оқушы үшін *қолжетімді және нақты болып табылатын оқу мақсатына жетелеу* – барлық оқушылар орындай алады деп аталатын бөлімде қамтылады. Ал көпшілігі, *кейбір оқушылар бөлімінде* оқушылардың *оқу қажеттілігін қолдау, тиісті тілдік дағдының келесі сатысына бағыттау* қарастырылады. Сондықтан оқушылардан күтілетін нәтижелер әрекеттер бойынша көрініс табады. Яғни, сараланған үш мақсаттың нақты біреуіне жеткендігін, тілдік, өмірлік дағдыны дамытқанын қай әрекеттен көретіні осы бөлімде нақты, қысқаша беріледі.

Оқу мақсаты негізінде бағалау критерийлерін құрастыру – оқушылардың сабақтағы оқу жетістіктерін бағалауға мүмкіндік туады. Демек, *бағалау критерийі* оқушының оқу мақсатына жеткендігін немесе

жетпегендігін нақты айқындауға негіз болады.

Тілдік мақсат өз ішінен беске жіктеліп, тақырып аясында оқушылардың пәнге қатысты терминдер мен тілдесім барысындағы сөздік қорын дамытуға бағытталған.

Пәнаралық байланыста ортақ тақырыптардың қамтылуы ақпаратты тұтастықта қабылдауға, сөздік қорын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Дәстүрлі оқытудағы сабақ жоспарындағы тәрбиелік мақсат қазіргі жоспарлауда *құндықтарға баулу бөлімінде* қарастырылады. Яғни, тапсырманың мазмұны мен оқушылардың қай әрекеттері арқылы «*Мәңгілік Ел*» *жалпыұлттық идеясының 7 құндылығы мен жаңартылған білім беру бағдарламасының құндылықтарына баулу* көзделетіні көрсетіледі.

АКТ-мен байланыста оқушылардың АКТ-ны оқу мақсатына жету үшін пайдалану мүмкіндігін жан-жақты қарастыру керек. Өкінішке орай, қазіргі таңда көп жағдайда слайд көрсетумен шектеліп келеміз. Алдағы уақытта *ғаламтор желісін, медиа құрылғыларды сабақ үдерісінде тұрақты қолдануды жетілдіру керек* деп ойлаймын.

Қысқа мерзімді жоспардағы алдыңғы білім деп аталатын бөлімде бүгінгі қай алдыңғы білімді тереңдету арқылы жаңа білімді өздігінен меңгеруге, дамытуға болады деген сұрақты ескеремін.

Жоспарланған кезеңде *сабақтың басы, ортасы, соңы бөлімдері* сабақтың жүйелі өтуіне ықпал етеді. *Сабақтың басындағы* тренинг, үй тапсырмасы, *сабақтың ортасында* оқу мақсатына жетуге бағытталған тапсырмалар, саралау, *соңында* рефлексия, үй тапсырмасы сабақ кезеңдерін айқындайды.

Қазіргі таңда қазақ тілі пәнін оқытудың ерекшелігі – функционалдық-қатысымдық тұрғыдан тілдік дағдыларды дамытуға бағытталуы. Менің «Таланттармен тілдессек» тақырыбындағы оқу мақсатым – **оқылым дағдысына** бағытталған. Басқа дағдылар жанама қолданыла береді.

Оқылым дағдысы – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әр түрлі деңгейде қабылдау және түсіну, тілдің айтылым заңдылықтарына сәйкес оқи алу, зерттеп оқу, шолып оқу, мәселені сын тұрғысынан бағалау, негізгі аргументті анықтап, дәлелдеу деңгейіне бағытталады. Ал оқылым стратегиясын тілші-ғалым Ф.Оразбаева «Тіл әлемі» зерттеу еңбегінде мәтінді оқу барысында оны түсіну рәсімі деп түсіндіріп, оқылымның ішкі дағдыларын бірнеше түрге жіктейді.

Мұндағы Мазмұнын түсіну үшін **оқу немесе көз жүгіртін оқу (skimming)** – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Нақты ақпараттарды табу үшін оқу (Scanning) – мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу.

Оқылымға арналған сабақ құрылымы төмендегідей:

Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

Оқылым алды тапсырманың мақсаты –

оқушыларды оқылым дағдысына, оқылым барысындағы сөздерді түсінуге бағыттау. Ол тапсырманы «**Түртіп алу**» әдісі, «**Миға шабуыл**» стратегиясы, **ширату жаттығуы түрінде** ұсынамын.

Оқылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар).

Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар **сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек.**

Кейбір лексикалық тақырыптар оқулықта берілмеген жағдайда мұғалім **түрлі дереккөздерден сабаққа қажетті ресурстарды алып қолдана алады.** Мысалы: 5-сыныптың қазақ тілі пәні бойынша орта мерзімді жоспарында «**Таланттармен тілдессек**» тақырыбы оқулықта берілмесе де, **ғаламтор желісі арқылы «Жас өркен» сайтынан** түрлі өнер, спорт саласындағы танымал тұлғалармен жүргізілген сұхбаттардың бірнешеуін топтық, жұптық жұмысқа іріктеп алдым.

Нәтижеге бағытталған әрекеттер толығымен барлық оқушылар істей алады бөлімінде қамтылады. Мысалы: 5-сыныптың қазақ тілі оқулығындағы «**Адамның сырт келбеті мен мінезі**» деп аталатын 8-бөлімдегі «**Таланттармен тілдессек**» 8-тақырыбына құрылған қысқа мерзімді жоспардың оқу мақсаты мен сараланған сабақ мақсатын былай құрастырдым.

Ұзақ мерзімді жоспар тарауы	5.8.8. Адамның сырт келбеті мен мінезі
Сабақ: Қазақ тілі	Мектеп: Абай атындағы №138 орта мектебі
Күні: 12.03.2018ж.	Мұғалімнің аты-жөні: Пірімова Әсем Әбдірахманқызы
Сынып: 5 «А»	Қатысқандар: 20 Қатыспағандар: 0
Сабақтың тақырыбы	Таланттармен тілдессек
Осы сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.0.6. Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу

Оқу мақсатын *Блумның ойлау дағдыларының деңгейімен* сәйкестендірсек, *білу, түсіну, қолдану деңгейі* болып табылады.

Соған сәйкес сабақтың *сараланған мақсаты және бағалау критерийлері* анықталып, құрастырылды. *Бағалау критерийлерін* оқушылар дағдыланғанша мұғалім ұсынса, кейін бірге құрастыруға болады.

Демек,

Сабақтың мақсаттары	<p>Барлық оқушылар орындай алады</p> <ul style="list-style-type: none"> - Таланттармен жүргізген сұхбатты түсініп оқиды. - Сұхбаттағы нақты ақпаратты табады. <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мәтін мазмұны бойынша берілген ойды өз сөзімен жалғастырады. <p>Кейбір оқушылар орындай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Берілген ақпаратқа қатысты жауабын дәлелдейді.
Бағалау критерийлері	Сұхбат мазмұнын түсінеді. Мәтіндегі нақты ақпараттарды анықтайды.

Оқылым дағдыларына арналған сабақта *оқылым алдындағы тапсырма, оқылым тапсырмасы, оқылымнан кейінгі тапсырма деп аталатын құрылым сақталуы керек.*

Бұл сабақтағы *оқылым алдындағы тапсырмаға «Миға шабуыл» стратегиясымен* төмендегідей сұрақтар қоюға болады.

- *Сенің ойыңша, талантты адам кім?*
- *Талантты адам қандай болуы керек?*
- *Таланттардың өмірі, шығармашылығы туралы ақпаратты қалай білеміз?*
- *Ендеше, бүгінгі сабақтың тақырыбын қалай атауға болады?*

Оқылым тапсырмасы. Топтық жұмыс.

– Мәтінді түсініп оқып, мазмұнын топта әңгімелендер.

1-топтың тапсырмасы: – Сұхбат бөліктеріне тақырып қойып, берілген сөздерге қатысты нақты ақпарат ұсыныңдар.

Сұхбат бөліктері	Тақырып	Тірек сөздер	Нақты ақпарат
I.		«Ағайындылар»	
II.		Арман	
III.		Туған жер	
IV.		Төлеген	

2-топтың тапсырмасы. «Жоспарланған 3 қадам» әдісі арқылы берілген тапсырманы орындайды.

1-қадам. – Мәтіннің мазмұнын 3 сөйлеммен түсіндіріңдер.

2-қадам. – Мәтіннен шығармашылық өсу жолына қатысты нақты ақпаратты табыңдар.

3-қадам. – Талантқа қажет қасиеттерді жазыңдар.

3-топтың тапсырмасы.

1. – «ПАЗЛ» әдісімен сұхбатты мазмұнына қарай құрастырыңдар.

2. – Н.Әлімжанның мінезге қатысты пікірін тауып жазыңдар.

3. – Сұхбаттың қызықты жерін тауып, астын сызыңдар.

Бағалау критерийлері:

1. Сұхбат мазмұнын түсінеді.

2. Мәтіндегі нақты ақпараттарды анықтайды.

Оқушылардың оқудағы әрекетінің қай деңгейде екенін анықтау үшін қалыптастырушы бағалауды мұғалім таңдауы бойынша үш позицияда қолданады: мұғалімнің бағалауы, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау.

Қалыптастырушы бағалау: «Бағалау сәндвичі»

Кері байланыс: Тапсырманы орындауда қандай қиындық кездесті?

Оқылымнан кейінгі тапсырманы «Серпілген сауал», «Кезбе тілші», «Идея себеті» әдістерімен тақырып бойынша талқылау сұрақтарын қоюға жоспарладым.

Топтық, жұптық жұмыста әр оқушы өзгелермен, анағұрлым зерек жолдасымен пікір алмасып, білімін толықтырса, жеке жұмыста әрбір оқушының оқу мақсатына қалай жеткендігі нақты көрініс табады.

Сол үшін жеке жұмыс формасында төмендегідей «Түрлі түсті хатқалта» әдісімен кеңейтілген тапсырмалар ұсындым.

Қызыл түсті тапсырма:

1. Сұхбат мазмұны бойынша ақырыптарды абзацтармен сәйкестендір.

Қиял қанатында.	I.
Өсиет	II.
Танылған талант	III.
Сүйікті актерлер	IV.
Алғашқы қадам	V.

2. – **Кестедегі нақты ақпаратты тауып, тиісті ұяшыққа белгіле.**

Р/с	Сөйлемдер	Шын	Жалған
1.	Мені актер болуға жетелеген нәрсе – арман	+	
2.	2001 жылы Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының актерлік факультетіне оқуға түстім.	+	
3.	Мені актер ретінде танытқан «Жаужүрек мың бала» фильмі		+
4.	Оқу бітірген соң, Алматыдағы М.Әуезов атындағы театрда жұмыс жасадым.		
5.	Әртiс болу үшiн ең алдымен адамның бойында дарыны болу керек.		

Сары түсті тапсырма:

– **Сөйлемді толықтыр**

1. Мені актер болуға жетелеген ...

2. Алғашқы ойнаған спектаклімде ...

3. Рухани биіктік бар жерде ...

4. С.Смағұловтың әйгілі суретші болуына әсер еткен жағдай ...

5. Кенептің алдына жақындаған сәтте ...

Жасыл түсті тапсырма:

– Кестенің екінші бағанын толтыр.




Сұрақтар	Жауабыңыз
Бала Нұрлан неліктен актер болуды армандады?	
Жас Сембіғали неліктен бірден Алматыдағы училищеде оқымады?	
Суретші Сембіғалидің жас суретшілерге берер кеңесі қандай?	
Таланттармен тілдесуден өзіңе қандай қасиетін үлгі еттің?	
Екі кейіпкердің де арманы орындалды деп ойлайсың ба? Немен дәлелдер едің?	

Бағалау критерийлері:

1. Сұхбат мазмұнын түсінеді.
2. Мәтіндегі нақты ақпараттарды анықтайды.

Қалыптастырушы бағалау:

«Ашық журнал» әдісі бойынша бағалау.

Р/с	Оқушының аты-жөні	Шартты белгілер		
				
		О қ у мақсатына жетті.	О қ у стратегияларын қайталау керек.	Қосымша көмек қажет.
1.	Мейрамбек Жанерке			
2.	Олжабай Айдос			

Кері байланыс: «Ауа райы» әдісі арқылы тапсырманы орындау әрекеттеріне талдау жасау.

Ал үй тапсырмасына актер Н.Әлімжан, суретші С.Смағұлов туралы мәліметтер жинап, таныстырылым дайындаңдар.

Қабілеті жоғары оқушыға “Талантты тұлғалар туралы қызықты деректер жинаңдар” деп тапсырма беруім – оқушыларды «Оқылым» әрекетінің келесі «07. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу» дағдысына бағыттауым болып табылады.

Қорыта келгенде, қысқа мерзімді жоспарды құрылымдағанда, оқу мақсатына жету үшін сабақтың **сараланған мақсатын, бағалау критерийлерін** дұрыс құра білу керек. **Сараланған мақсаттағы оқушы әрекеттері** тапсырмаларда **белсенді әдістермен** жүзеге асады. Демек, қысқа мерзімді жоспардың **әрбір құрылымы бір-бірімен тығыз байланысты.**

Сабақтың оқу мақсатына, ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес жоспарланған тиімді деп таңдалған әдіс-тәсілдермен берілген **топтық, жұптық, жеке формадағы тапсырмалар белсенді оқу ортасының қалыптасуына, өз бетінше білім алу дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс.** Жеке және топпен **бірлесе жұмыс істеу қабілеті, сын тұрғысынан ойлау дағдылары, сөйлеу мәдениеті қалыптастыру, өмірлік жағдаяттарда оң шешім қабылдау, адамзаттық құндылықтарға баулу** – жаңартылған білім мазмұнының тиімді тұсы екенін атап айтқым келеді.

С.А. КАЖИКЕНОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Айыртау ауданы,
Саумалкөл қазақ орта мектебі

ОҚЫТУДЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ «4 ПАРАҚ» ӘДІСІ

Петропавл қаласындағы Әбу Досмұхамбетов атындағы дарынды балаларға мамандандырылған гимназия-интернаты жанынан ашылған облыстық қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің зертханасы осымен екінші жыл өз жұмысын жалғастыруда. Бұл зертхана жұмысына – облыс аудандары мен қала мектептерінің 27 мұғалімі мүше. Әр оқу жылына орай құрылған жоспар бойынша жылына 4 рет отырыс өткізіледі.

Зертхана жұмысының тәжірибелік маңыздылығы мынада: әр отырыс сайын мұғалімдер кәсіби біліктілік сұранысына сай идея, көзқарастарды ортаға салып, белсенді әрекетке ынталану және жаңа білімді талқылау арқылы әрекеттің жаңа түрлерін меңгереді.

Отырыстар кезек-кезекпен қала мектептері мен аудан орталықтарына қойылып отырады. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы бойынша сыныптарда қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінен ашық сабақтар өткізіліп, сарапшылар тобы жұмыс жасайды.

Сарапшылар тобы әр отырыс сайын зертхана мүшелері арасынан сайланады. Сарапшылардың әр өткізілген сабақ бойынша «4 парақ» әдісі арқылы жұмыс жасаулары өте тиімді болып отыр.

1-парақ сабақтың жоспарлауын талдау мақсатында жүргізіледі. Сарапшы мұғалім сабақтың жоспарлануы бойынша сабақ мақсатының күрделі немесе нақты қойылуына, күтілетін нәтиженің сабақ мақсатымен байланыстылығына, ресурстар мен көрнекіліктер /АКТ/, қолданылатын әдіс-тәсілдер, 7 модульді пайдалану деңгейі, Блум таксономиясының қолданылуы, тапсырмалар жүйесі, қорытынды кезең, үй тапсырмасының берілуінің бәрін ескере отыра, өз ұпайын *0-2 аралығында* қойып отырады.

Ал 2-парақ мұғалім әрекетіне сай жүргізіледі. Мұғалімнің сынып ахуалын туғызуы, сабақ мақсатын анықтауы, көрнекі құралдарды қолдану, үй тапсырмасын сұраудағы әрекет, оқылатын оқу материалының ғылымилығы мен қолжетімділігіне, топпен, жұппен, жеке жұмыстардың жүргізілуіне, мұғалімнің бағыттаушылық рөліне, сабақтың өзектілігі мен бүгінгі өмірмен байланыстылығына сарапшы тарапынан көңіл бөлінеді.

3-парақ оқушы әрекеті бойынша талдауға арналады. Оқушы әрекетінде оқушылардың сабақ мақсатын қоя алулары, топ ережесін сақтап жұмыс жасаулары, терең сұрақтар құрастыра отырып, идея ұсынып, ойларын еркін жеткізулері, ресурстарды дұрыс қолдана алулары мен сабақты бүгінгі өмірмен байланыстыра білулері есепке алынады.

Ал 4-парақта бағалау әрекетінің жай-жапсары талданады. Бағалау әрекетінде сарапшы мұғалім оқушы жұмысының алдын-ала белгілі критерий бойынша бағалануы, оқушылардың бір-бірін шынайы бағалай алуы, кері байланыс жасай білуі, қалыптастырушы бағалаудың сабақтың өн бойында жүруіне назар аударады. Сарапшылар тарапынан әр

әрекетке байланысты қойылған ұпайлар саны бойынша сабаққа баға беріледі.

Міне, осындай үлгідегі оқытуды зерттеу арқылы зертхана мүшелері әр отырыс сайын өз кәсіби біліктілігін арттырып, тәжірибелерін ұштап отырады.

Л. Е. ШЫРДАБАЕВА,
«Қ.Жазықов атындағы
орта мектебі» КММ.
Кемерши ауылы,
Байғанин ауданы,
Ақтөбе облысы

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру жүйесі жыл сайын сан түрлі өзгерістермен толығып келеді. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты дамыған, құзіретті азамат етіп тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуде бізге функционалдық сауаттылық көмектеседі.

Жаттанды білім – жарға жығады. Егер алған ілім-білімнің күнделікті өмірде кәдеге аспаса, ол білімнің керегі не? Осы уақытқа дейінгі білім жүйесінде біз барлығынан бірдей адам жасауға ұмтылдық. Ойлау мен оқудың дайын моделін ұсынып, сол шеңбер аясында жұмыс жасауға бейімдедік, яғни дайын ережені айту, жаттау, дайын жаттығуды

орындау.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ендеше әрбір ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығының ерекше тұсы – оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыдан ойлауын қалыптастырады, өз бетінше шешім қабылдауға үйретеді.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қасиеті мен сол ортаға барынша тез бейімделе алуы және қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрінісі.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында түрлі белсенді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушыларды сауаттылықтарын арттыруға болады. Білім алу барысында оқушылардың әрқайсысының қабілеттеріне сай орналастарудың да маңызы зор. Қабілеттеріне байланысты әрқайсысына қиын және жеңіл сұрақтар берудің де маңызы да зор. **Осы орайда деңгейлеп оқыту технологиясын пайдаланамыз.** Өз тәжірибемде деңгейлік тапсырмаларды оқушыларға **ортаға тастау** арқылы жүзеге асырамын. Яғни, оқушы қабілетіне қарай тапсырманы өзі таңдап алады. Жеңіл тапсырманы орындағаннан кейін әрі қарай орындай береді. Осылайша оқушы өз деңгейін өзі бақылауға алады.

Проблемалық оқыту – тақырып бойынша оқушыға сұрақ беру, көңілін аудару, сабақ соңында өз ойын түйіндей айту. Проблемалық оқытуды сабақтың

тақырыбын ашуда пайдаланамын. Ортаға ойтүрткі сұрақтарын тастау арқылы проблема туындатып, түйінді ой айта білуге жетелеймін.

Рөлдік ойындар: Шығарманы рөлге бөліп орындату барысында оқушылар образға енеді, өзін-өзі таныта отырып, достарының пікірімен санасып, тез тілдесуге бейімделіп, дұрыс сөйлесу қабілетін жетілдіреді.

Галереяға саяхат: Бұл әдіс – әдебиет сабақтарында көлемді шығарма мазмұнын толық әрі тез түсінуге ықпал етеді. Игерілуге тиісті шығарма бөліктерге бөлініп беріліп, мазмұндалады. Топтан спикер шығып, келесі топтарға түсіндіреді. Осылайша барлық топ бүтін бір шығарма мазмұнын түсінеді. Әрбір топ мүшесі спикердің түсіндіруіне өз бағаларын стикерлер арқылы жазып жіберіп отырады.

Мән беріп оқыту технологиясы: Бұл технология – қазақ тілі сабақтарында грамматикалық және лексикалық бірліктерді меңгертуде пайдасы зор. Мәтінді талдай отырып, оқушылар осы бірліктерге назар аудара отырады.

Оқыту технологиясының ішіндегі ең лайық технологияны таңдау – әр ұстаздың өз еркінде.

«Біздің міндетіміз – бәсекеге лайық ұрпақ тәрбиелеу» – деп елбасымыз айтып өткендей, саналы, білімді, функционалдық сауаттылығы жоғары ұрпақ тәрбиелеуде жалықпайық дегім келеді.

Қ.Қ.ТОҒАСБАЕВА,
Б.Ш.ТОЙКЕНОВА,
№9 ЖОББМ
Жоғары санатты
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.
ШҚО,
Семей қаласы

БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

(Тәжірибелі мұғалімдердің
жас мамандарға өткізген
шеберлік сабағы)

Мақсаты: Қатысушыларға оқытуды бағалау (суммативті), оқу үшін бағалау (формативті), критериалды бағалаудың сабақ үрдісіндегі маңыздылығын көрсету.

Күтілетін нәтиже: Шеберлік сыныбына қатысушылар бағалаудың түрлерін білетін болады және өздерінің оқу үдерісінің жоғарылауына әсер етулерін көреді.

Негізгі идеялар:

Оқытуды бағалау – суммативті бағалау;

Оқу үшін бағалау – формативті бағалау.

Көрнекіліктер мен қолданатын құралдар: компьютер, проектор, экран, флипчарт, маркерлер, А3, А4беттер.

Сабақ барысы

Коуч сессия-ның этаптары	Уақыты (60 мин.)	Мұғалім мен коучке қатысушылардың іс әрекеті
Амандасу	3 мин.	Шеберлік сыныбына қатысушылармен амандасу, тақырыбы мен мазмұнымен таныстыру.
Топқа бөлу	5 мин.	Психологиялық жағымды көңіл-күй орнату. Мұғалімдер қоржыннан шиыршықталған қағаздардың бір-біреуін алады. Қағаздарда сабаққа қатысушылардың есімдері жазылған. Әр мұғалім қағазда жазылған әріптесінің атын атап, оған өзінің жылы лебізін, тілегін айтады. Ұйымдастыру кезеңі. Қатысушылар үлестірілген қызыл, жасыл, сары жетондар арқылы үш топқа бөлініп отырады.
Миға шабуыл	5 мин.	Мұғалімдерге Ф.П. Решетниковтың «Тағы да екілік» суреті ұсынылады.

		<p>Мына суретке мұқият қараңыздаршы, ондағы отбасы мүшелерінің әрқайсының көңіл-күйі қандай? Мектептен үйіне тағы да «екілік» бағасын арқалап қайтқан оқушының түр-әлпетінен нені аңғаруға болады? Ол өзін қалай сезініп тұр?</p> <p>Сурет неліктен «ТАҒЫ ДА екілік» деп аталады?</p> <p>Тағы да екілік! Кеше де, бүгін де, ертең де... Әріптестер, қалай ойлайсыздар, бұл баланың өз бағасын жақсартуға деген ынтасы бар ма? Жоқ болса, неге?</p> <p>Оған кім кінәлі, мұғалім бе, оқушы ма?</p> <p>Бүгінгі сабақта біз сіздермен қазіргі заманда білім саласындағы нағыз саясатқа айналған проблеманың бірі – бағалау мәселесіне тоқталамыз. Өйткені оқушының білімін бағалау – оның оқуға деген ынтасының мүлдем жоғалуына немесе қызығушылығының оянуына бірден-бір себеп. Мұғалімнің басты міндеті – оқушының өзіне деген, өз күшіне деген сенімінің жоғалуына жол бермеу.</p>
--	--	--

	<p><i>«Дейін және кейін» стратегиясы.</i></p> <p><i>«Дейін»:</i> алдымен мұғалімдерге өзара бағалау мен өзін-өзі бағалау туралы өз түсініктерін жазуды сұраймын. Әр топ ақылдаса отырып, өз ойларын постерге жазады, оны тақтаға шығып қорғайды. Бір топ жауап бергенде қалған екі топ олардың жауаптарын тыңдап, әр топ бірін-бірі бағалайды. Бағалап болғаннан кейін оларға бағалау критерийі ұсынылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тақырыптың ашылуы. 2. Дәлелдердің нақтылығы. 3. Қалай бағалауға болады?
<p>Т о п т ы қ жұмыс. Шығармашылық тапсырма</p>	<p>Үш топқа да көбелектің суретін салуды ұсынамын. Салынған суреттер бойынша топтар бірін-бірі бағалайды. Неге дәл осы бағаны қойғанын түсіндіреді. (Топтардың арасында өз тобына қойылған бағамен келіспеушілік тууы мүмкін – менің көздеген мақсатым да осы: баға мәселесіне байланысты топтар арасында қақтығыс тудыру). Айтыңыздаршы, мен осы жерде қандай қателік жібердім?</p>

	<p><i>(Бағалау критерийін ұсынбадым, сондықтан бағаға келіспеушілік туындады).</i> Енді қатысушыларға көбелек суретіне байланысты бағалау критерийін ұсынамын. Бір-біріңіздің суреттеріңізді мына критерийлер бойынша тағы да бағалап көріңіздер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Көбелек 4 түрлі түспен боялған. 2. Көбелектің фигуралы 4 қанаты бар. 3. Көбелектің денесі, мұртшалары бар. 4. Көбелектің көздері, аяқтары бар. 5. Көбелек гүлге қонып отыр. <p>Енді критерийлерді бергенге дейінгі және бергеннен кейінгі бағалауды салыстырыңыздар. Айырмашылық бар ма?</p> <p>(Біреулер көбелектің көздерін немесе мұртшаларын салуды ұмытуы мүмкін).</p> <p>– Критерий бойынша қойылған бағамен келісесіз бе? Суретті салу барысындағы өз қателіктеріңізді көрдіңіз бе? Жоғарыдағыдай баға мәселесіне байланысты топтар арасында қақтығыс туды ма? Неліктен деп ойлайсыз?</p>
--	--

Рефлексия	5 мин.	Коучттың сұрағы:
		<p>-Не үшін сізге баға қойды? -Неге? -Көршіңізді бағалағанда неге көңіл бөлдіңіздер? -Бағалау қиын болды ма? -Біздің бағалау жүйеміз қандай қиындық тудырады? -Біздің бағалау жүйеміз қандай аспектілерді қамтыған? -Біздің балаларымыз неге сол бағаны алғандарын түсіне ме? -Әр оқушы күнделікті бағалана ма?</p>
Сергіту сәті	2 мин.	Әлқиса
Табысқа жету жолы	5 мин.	<p>Суретті нашар салатын 2 қатысушыны сыртқа шығуды өтінемін, басқа қатысушыларға 1 - сурет салатын қатысушыны сөзбен мадақтап, 2-сурет салатын қатысушыны мадақтауын сұрайды. Екі қатысушыға бірдей тапсырма жылқының суретін салу тапсырылады, сурет салып болғаннан кейін оны бағалауды сұраймын.</p>

Топтық жұмыс. Кластер жасау	10 мин.	Әр топқа тапсырма беріледі
		<ul style="list-style-type: none"> • 1-топ: Критериалды бағалауды пайдалану оқушыларға не береді? • 2-топ: Критериалды бағалаудан мұғалім не ұтады? • 3-топ: Критериалды бағалаудың ата-аналарға пайдасы бар ма? <p>•Топтар өз кластерлерін қорғайды. Топтар бірін-бірі толықтырады, ой бөліседі. Олардың жасауына төмендегідей болуы мүмкін немесе өзін толықтырамын.</p>
Теория	3 мин.	Ф о р м а т и в т і к , с у м м а т и в т і к , к р и т е р и а л д ы қ бағалау(презентация) Видеоролик(Оқытуды бағалау)
«Дейін және кейін» стратегиясы. «Кейін»:		<p>Мұғалімдерге тағы да өзара бағалау мен өзін-өзі бағалау туралы өз түсініктерін жазуды сұраймын. Мұғалімдер осы сұрақ бойынша «Дейін» не білгендерін және «Кейін» не біліп</p>

		шыққандарын салыстырады, қорытынды шығарады. Өз түсініктерін қорғайды, дәлелдейді. Бағалаудың түрлері. Мұғалімдерге бағалаудың түрлері және оларды қолдану туралы слайдтар арқылы түсіндіремін: Білім ағашы; Екі жұлдыз, бір тілек; Алты қалпақ; «Бағдаршам» әдісі; Кері байланыс т.б.
Қорытындылау	5 мин.	Жоғарыдағы «Тағы да екілік» суретіне қайта оралу: Қалай ойлайсыздар, суреттегі баланың өз бағасын жақсартуға деген ынтасын ояту үшін не істеу керек?
Рефлексия		Әр мұғалімге өзін-өзі бағалау парақшалары үлестіріледі, олар бүгінгі сабақтан алған өз білімдерін берілген критерий арқылы бес балдық жүйе бойынша бағалайды: № Критерийлер Игеру деңгейі 1. Бірін-бірі бағалаудың тиімділігін білемін. 1. 2. 3. 4. 5.

		2. Өзін-өзі бағалай білудің пайдасын түсіндім. 1. 2. 3. 4. 5. 3. Критериалды бағалауды өз тәжірибемде пайдалана аламын. 1. 2. 3. 4. 5. 4. Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін үйрендім (топтық жұмыс, психологиялық ахуал, т.б.) 1. 2. 3. 4. 5. 5 Бағалаудың түрлерін білемін («Білім ағашы», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бағдаршам», «Кері байланыс», «Алты қалпақ»). 1. 2. 3. 4. 5.
Кері байланыс		«Үш минуттық тыныштық»: мұғалімдер бүгінгі сабақтан алған әсерлері, не үйреніп шыққандары туралы стикерлерге жазады, тақтаға жапсырады. Топтар бір-біріне екі жұлдыз, бір тілек айтады. Сөзімнің соңында айтарым, бүгінгі алған білімдеріңізбен басқа да әріптестеріңізбен бөлісіңіздер. «Бойыңда білімің бар екен, одан басқалар да өз шырақтарын жағып алардай жағдай туғызғыңыз», — деген Томас Фуллердің сөзін ұмытпаңыз.

Ф.С. АНАРБАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі,
№24 ЖББОМ КММ.
Қарағанды облысы,
Теміртау қаласы

ТІЛ – АРЫҢ, ДІЛ – ЖАНЫҢ

Жер бетінде халық та, тіл де көп. Ұлттарды ажыратып бөлетін де, жақындастырып туыс ететін де – оның тілі. Тіл – халық тарихының, әдет-дәстүрінің, әдебиетінің, мәдениетінің, таным-түсінігінің көрсеткіші десек, ұлттық сипатты анықтар салт пен әдетті, халықтық тағлым-танымды, рухани қазынаны сақтаушы да – ана тіліміз.

Біздің мақсатымыз – ата-баба аманат еткен тілді қадірлей білу, көркемдігі мен байлығын сақтап, келесі ұрпаққа жеткізу, асылымызды ардақтап, сүйе білу. Ана тілін сүймеген адам, қырғыз ақыны Сарноғаев айтқандай, *халқын сүйіп те жарытпайды [1]*

Бүгінгі таңда біздің елде өзге ұлт өкілдері арасында қазақ тілін оқып, білуге деген құштарлықтары зор. Мемлекет тарапынан қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуға қаржы бөлініп, барлығын тегін оқытуда. Дүкен сөрелерінде

қазақша оқытудың әдістемелік оқу құралдары мен кітаптары жетерлік. Осындай мүмкіндікті жібермей, өзге ұлт өкілдері бар ынта-жігерлерін салып қазақ тілін оқуда. Осыдан бірер жыл бұрын қазақ тілі ешкімге керек болмай, мән бермейтін. *«Мемлекет қажет етпеген тілде мен неге сөйлеуім керек?»* деген намыс оятарлық сөздері бар мақалалар газет беттеріннен молынан кездесетін. Қазірде мемлекет басындағы тілжанашырларының арқасында мемлекеттік тілімізге көңіл бөлініп, өз қанатының астына алды. Барлығы жаппай тілді оқып, тілдерін бұрап-бұрап қазақша сөйлесуге кірісуде.

Иә, олар (өзге ұлт өкілдері) әлі қазақ тілінде ойларын толық жеткізе алмайды. Бірақ, мемлекеттік тілдің қажеттілігін түсініп, оны оқуға деген құштарлығының өзі қайда жатыр? Тіпті өздері қазақша білмесе де, өз балаларын қазақ балабақшаларына, қазақ мектептеріне беріп жатқаны қатты қуантады. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретіп жатырмыз деп мақтанышпен айқайлап жатқанымызда, *өзіміздің қаракөз қандастарымыз өз тілінде сөйлеуге ұялатындары көңілімізге қаяу салады.* Қандай орындарда болсын, бір-бірлерімен орысша амандасып, орысша сөйлеуде. *Қандары – қазақ, ойы, санасы, арманы, қиялы мен тілі – орыс.*

Әрине, барлығы емес. Бұл сөзбен барлық қазақтардың бетіне топырақ шашқым келіп тұрғаным жоқ, бірақ көбісі, әсіресе, өзіммен қатарлас кейінгі жас толқын. ***Жастарға тәрбие беретіні ата-аналары емес пе? «Тәрбиебасы-тал бесігі» екендігін ескеріп, рухсыз жастарымызға ана тілін ата – аналары ұмыттырмайды деп, сеніп жүрсем, «сенген сәулем сен болсаң» дегендей, ауылдан қалаға қарай көшіп келген қандастарымыз, өз балаларын орысша үйренсін деп, орыс мектептеріне беріп жатыр. Ана тілдерінің болашағына бейжай қарайтын ата-аналарға өкпем қара қазандай.*** Қалада тұрып жатқан шала қазақтарымыз туралы ештеңе айтпа-ақ қояйын. *«Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді»* дегендей, өз арамызда осындай кертартпалық мінездері бар қандастарымыз барда, ана тіліміздің көсегесі қайдан көгереді?

«Бәрін айта та, бірін айт» дегендей, ***осы уақытқа дейін орыс тілімен алысып келсек, енді оған аздай ағылшын тілі қосылды.*** Қазақ тілін білмейтін шала қазақтарымыз ана тілін оқып, білудің орнына қаншама қаражатын жұмсап, жеке репетиторлар жалдап, шет елдерге дейін барып, барынша жандарын салып, мұрындарына су жетпей ағылшын тілін оқуда. Иә, мен оларға “ағылшын тілін оқыма” демеймін, дұрыс,

оқысын! Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев *“Тілдердің үштұғырлығы”* мәдени жобасын кезеңдеп іске асыру ұсынды. Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. ***Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі [2].*** Бірақ, Ағайын, ***өзге тілдің бәрін біліп, неге өз тілімізді құрметтемейміз?!***

Халқымның осындай кертартпалығына карап отырып, ***халыққа үгіт-насихат тарататын бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі арқылы халықтың ой-санасын жаулап алмайынша, мақсат-мүддесін қазақтандырмайынша, барлық болмысымыздың қазақтануы мүмкін емес деген шешімге келдім.***

«Тілін білмеген – түбін білмейді» – демейді ме?! ***Түбімізді білмесек, кім болдық?!*** Барлық білім-ілімімізбен, мақсат-мүддемізбен, күш-жігерімізбен тіліміздің мәртебесін көтеріп, тазалығын сақтасақ, ақыры осы шешімге байлансақ, бізден артық бай, бақытты ел жер бетінен табылмасы анық...

Тілді үйрену – өз ұлтыңды тану. Ұлттық тілді білу – ұлт ділін, қасиетін, мінезін, ой, жан дүниесін, сырын білу екенін, халықтық мәдениет

пен дәстүрді жаңғырту болатынын естен шығармайық.

С.Е.Малов біздің тіліміз жөнінде: *«Түркі халықтарының ішіндегі ең суретшіл, бейнелі тіл – қазақ тілі. Қазақтар өзінің шешендігімен де, әсем ауыз әдебімен даңқты»*[3] десе, Радлов: *«Қазақтар шешен келеді. Олар мақалдап сөйлейді, жай сөзінің өзі өлең болып құбылып жатады»* [4] деген екен. Тілді түсінетін, оның құнын танитын адамдар осылай бағалаған. Туған тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған аға ұрпақ өкілдерінің еңбектерін оқып үйрену, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, ана тілінің өресін әлемнің бай тілдер сатысына көтеруіміз шарт.

Қазақ тілі – бай тіл. Оған біз ана тіліміз деп қараймыз. *“Ел боламын десең бесігіңді түзе”* – деп қазақтың заңғар жазушысы М.О.Әуезов айтқандай, тілімізді құрметтейміз десек, *осындай бай тілді мемлекеттік іс қағаздарын жүргізуге, оңтайлы пайдалануға кезек келді.*

Менің ойымша, мәселені мектептен бастауымыз керек. Демек, ең басты шаруа *мұғалімге келіп тіреледі.*

Қазір бізде мықты мұғалімдерді шертіп-шертіп таңдап алатындай мүмкіндік бар ма? Жоқ! Неге?! *Мұғалімнің жағдайы нашар. Айлығы жетісіп*

тұрған жоқ. Мұғалім мықты болуы үшін оған жақсы төлеу керек!

«Анамыздың ақ сүтімен бойға дарыған тілімізді ұмыту бүкіл ата-бабамызды ұмыту», – деп Б.Момышұлы айтқандай, тілімізді қорғап, оның тазалығын сақтауға бәріміз ат салысайық, көзі ашық, көкірегі ояу Ағайын!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Исаев, Қ.Назарова, Ж.Дәулетбекова. Алматы. Атамұра 2002.
2. Н.Назарбаев. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». Астана 2007.
3. Малов С.Е. Памятники древнетюрской письменности. Наука 1967.
4. Радлов В.В. Алтын сандық. Алматы. Ана тілі 1993.

Тілдер әлемі

Г.ҚҰЛЕКЕНОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Г.БУРХАНОВА,
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
А.ИСМАГУЛОВА,
ағылшын тілі пәні мұғалімі.
«№6 ЖОББМ» КММ.
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы

МЕНИҢ ОТБАСЫМ

(Моя семья
My family)

*5-сыныпқа арналған «Тілдер әлемінде»
тақырыбындағы таңдау курсына
(қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде)
өткізілген сабақ жоспарының үлгісі*

О с ы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, қонақжайлылыққа үйрету, әдептілік ережелеріне баулу.
Цели обучения, которые необходимо достичь на данном уроке	Расширение семейных концепций, гостеприимство и соблюдение правил этики.
Learning objectives is achieved in this lesson	Expanding family concepts, hospitality, and adhering to rules of ethics.
	Бейнелі ойлауын дамыту. Отбасындағы өзара сыйластық қарым-қатынасын дамыту.

	Разработка хороших идей. Развитие взаимного уважения в семье. Developing good ideas. Development of mutual respect in the family.
С а б а қ мақсаты: Цель урока The aim of the lesson:	Барлығы: отбасы туралы шағын мәтін құрай алады. Они могут написать минитекст о семье. They can write short composition about “My family”.
	Көбі: отбасы туралы сұрақтарға жауап бере алады. Многие: могут ответить на вопросы о семье. They can answer the questions about family.
	Кейбірі: отбасы туралы мақал-мәтелдер айта алады. Они могут сказать пословицы и поговорки о семье. They can say proverbs about the family.
Күтілетін нәтижелер Ожидаемые результаты Expected results	Үш тілде отбасы туралы шағын шығарма жаза алады. Умеют писать минитекст о семье на трех языках. Write short text about family in three languages.

Пәнаралық байланыс Межпредметная связь Inter subject communication	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, әдебиет. Казахский язык, русский язык, английский язык, литература. Kazakh, Russian, English, literature.
Қажетті құрал-жабдықтар Необходимые ресурсы Required recourses	Интерактивті такта, слайдтар, тақырыпқа қатысты парақшалар, желімқағаздар. Интерактивная доска, слайды, стикеры, Interactive whiteboard, slides, stickers,
Оқыту әдістері Методы обучения Teaching methods	Сұрақ-жауап, талдау, «Үш тілде амандасу» тренингі, «Полиглот», «Тілек ағашы» әдістері. «Приветствие на трех языках», «Полиглот», «Дерево желаний». Dialogue method, analysis, «Greeting in three languages», «Polyglot», «Tree of desires».
Дереккөздері Ресурсы Recourses	Әдістемелік құрал, дидактикалық материалдар.

Методические пособия, дидактические материалы. Methodical aids, didactic materials		
Сабақ барысындағы мұғалім мен оқушының іс-әрекеті: Деятельность учителя и учащихся: Activities of teachers and students:		
Тапсырма Задание Tasks	Мұғалімнің іс-әрекеті Деятельность учителя Teacher`s Activities	Оқушының іс-әрекеті Деятельность учащихся Student`s activities
Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу. Создание психологического настроения. Creating a psychological mood.	«Үш тілде амандасу» тренингін ұйымдастырады. Оқушылармен сәлемдеседі, түгендейді. Учитель приветствует учащихся на трех языках: казахском, русском, английском. Teacher greets students in three languages: Kazakh, Russian, English.	Оқушылар бір-бірімен қол алып, үш тілде амандасады. Бір-біріне жақсы тілектер айтады. Учащиеся приветствуют друг друга на трех языках. Students greet each other in three languages.

<p>I.Қызығушылықты ояту</p> <p>Пробудить интерес</p> <p>Evocation</p>	<p>О қ у ш ы л а р ғ а отбасы туралы с ұ р а қ т а р қойылады:</p> <p>1. <i>Отбасы дегеніміз не? Что такое семья? What is the family?</i></p> <p>2. <i>Отбасы туралы қандай мақал-мәтелдер білесіздер? Какие пословицы и поговорки вы знаете о семье? What kind of proverbs do you know about family?</i></p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>
<p>II. Мағынаны тану</p> <p>Осмысление</p> <p>Realization of meaning</p>	<p>О қ у ш ы л а р ғ а үш тілде отбасы туралы шағын мәтін жазуды ұсынады.</p>	<p>Үш тілде отбасы туралы шағын мәтін жазады. Они напишут минисочинение о семье. They will write short text about family.</p>
	<p>3.Сергіту сәті. «Полиглот» әдісі арқылы жұмбақ шешкізіп жауабын үш тілге аударту.</p>	

	<p>Физминутка С помощью метода «Полиглот» разгадать загадки и перевести ответы на русский и английский языки. The refreshing moment. With the help of the method of «Polyglot» to solve the problem and to make the answer to the Russian and English languages.</p>	<p>О қ у ш ы л а р жұмбақты шешеді, жауабын үш тілге аударды. Отгадают загадки и переводят ответы на русский и английский языки. They will solve the riddles and translate the answers into Russian and English.</p>
<p>III.Бағалау</p> <p>Оценивание</p> <p>Evaluation</p>	<p>«Тілек ағашы» арқылы кері байланыс алу. Проводить метод «Дерево желаний». Carry out the «Desire Tree» method.</p>	<p>«Тілек ағашына» сабақ барысына байланысты кері байланыс жасайды. С помощью метода «Дерево желаний» сделать обратную связь. With the «Tree of Desires» method to make feedback.</p>

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс


Н. Е. МҰНАЙТБАСОВА,
«Жақып Ақбай атындағы жалпы
орта білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Ақтоғай ауданы,
Қараменде би ауылдық округі,
Ақтас ауылы


«АЛЫП ЕР ТҰҢҒА» ЖЫРЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ


Б ө л і м тақырыбы	«Туған жерім, аялы алтын бесігім»
Оқу мақсаты	6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау; 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу 6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру; 6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау.

Сабақ мақсаты	Оқушылардың барлығы орындай алады: Алып Ер Тұңға шығармадағы көркем ауыстыруларды анықтайды, әдеби шығармадағы оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазады, шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға береді, шығармадағы құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады, шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасайды.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Алып Ер Тұңға қызметін қазіргі елбасы еңбегімен салыстырады.
	Оқушылардың кейбірі орындай алады: «Көшбасшы бойындағы қасиеттер» тақырыбында ойтолғау жазады.
Бағалау критерийлері	Фабуласын, жанрын анықтауда шығармадан дәлел келтіреді. Әлеуметтік-қоғамдық мәселені түсіндіруде мәтіннен мысал келтіреді, оны мәнерлеп оқиды. Автор бейнесін ашуда шығарманың құндылықтарын ашады. С а л ы с т ы р у д а шығармадағы және

	қазіргі кездегі елі үшін атқарған еңбектерінен ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетеді.		
Тілдік мақсаттар	<p>Дағдыларды дамыту: Түсіну және жауап беру, бағалау мен салыстыру.</p> <p>Үштілділік: Жанр, фабула, Негізгі сөз тіркестері: Жұмысты жылдам әрі дұрыс орындаған, жеке жұмысты толық әрі нақты орындаған оқушыларға дербес қолдау көрсетіп отырамын. <i>Жебе, қарақұрым, шеңгел;</i> Талқылау сұрақтары: <i>Отаншылдықты қалай білдіруге болады?</i></p>		
Құндылықтарды қалыптастыру	<p>Жалпыұлттық «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтары ТАРИХТЫҢ, МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ БІРТҰТАСТЫҒЫ. Құрмет, ел дауы, жер дауы, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік.</p>		
Ресурстар	Алып Ер Тұңғаның суреті, мәтіндер, таратпа материалдары, ғаламтор, деректер;		
Оқыту			
Сабак кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Саралау тәсілдері	Қалыптастырушы бағалау тәсілдері

Сабақтың басы 5 мин.	<p>Тапсырма: «Шаттық шеңбері» әдісі. Мақсаты: Психологиялық ахуал қалыптастыру. <i>1.Шеңбер құрыңыздар.</i> <i>2.Бір-біріңізге «Отан, ел, жер» сөздерін пайдаланып, мақал-мәтел айтыңыздар.</i> <i>3. Б а р л ы ғ ы н ы ң қатысуы арқылы оқыту жағдайын теңестіріңіздер.</i> Десктоптор Сөздіктің мағынасын түсінеді; <i>Қолдану аясын біледі.</i></p>	<p>Бұл тапсырмаларды орындауда оқушылар бір-біріне қолдау көрсетеді.</p> <p>Бұл тапсырмаларды орындау барысында көңіл-күйін көтереді, бауырмалдығын, отаншылдығын оятады.</p>	<p>Бір-біріне кері байланыс береді. Мұғалім «смайликтер» әдісімен бағалайды.</p>  <p>«Ауызша бағалау» әдісі. Оқушы мен мұғалімнің ауызша кері байланысы.</p>
Сабақ ортасы 5 мин.	<p>Т а п с ы р м а : «Сөзмаржан» – сөздік жұмысы Мақсаты: мәтіндегі түсініксіз сөздердің мағынасын ашу, мәтінді түсінуге дайындау.</p>	<p>Б ұ л тапсырманы о р ы н д а у барысында оқушылар бір-біріне қ о л д а у көрсетеді. Және де ресурстар а р қ ы л ы қолдау алады.</p>	<p>Оқушылар талдау үдерісінде бір-біріне кері байланыс береді Рубрика бойынша бағалайды.</p>
5мин.	Таныс емес сөздердің мағынасын сөздіктен қарап, табыңыздар.		

15 мин.	Сөздер	Өзіндік түсінік	Сөздікте берілген мағынасы	<p>Бұл тапсырманы жұпта орындайды. Оқушыларды жұптау барысында төмен деңгейлі және жоғары деңгейлі оқушыларды жұптауға басымдық беремін. Осы арқылы оқушылардың бір-біріне қолдау жасауларына мүмкіндік жасаймын.</p>	<p>«Алдын-ала берілген атаулар» әдісі</p> <p>Мұғалім «Бағдаршам» арқылы кері байланыс береді.</p>  <p>Қызыл түс – түсінген жоқпын. Сары түс – әлі де практика қажет/сұрақтар бар; Жасыл түс – барлығы түсінікті.</p>
	Жебе				
	Қара-құрым				
	Шенгел				
<p>Дескрипторлар: Сөздіктен мағынасын түсінеді; Қолдану аясын біледі Тапсырма: Кесте толтырыңыздар; шығармадағы көркем ауыстыруларды анықтаңыздар.</p>					
мета-фора,	Кейіп-теу	Града-ция,	арнау		
<p>Тапсырма: «Кім жылдам?» Мақсаты: Дастаннан алған мәліметтерді толықтыру, жинақтау; Сұрақтарға тез және дұрыс жауап беріңіздер. – «Алып Ер Тұңға» дастанында не туралы айтылады? – Жырда басты кейіпкер кім? – Алып Ер Тұңға қандай адам? – Елі Алып Ер Тұңғаны не үшін ерекше пір тұтады? – Дастан қай кездердегі оқиганы бейнелейді? – Жоқтау кімге арналған?</p>				<p>Бұл тапсырманы а у ы з ш а орындайды.</p>	

<p>– Алып Ер Тұңға деп не үшін атаған? Дескрипторлар: Жылдамдыққа, тездікке, шапшаңдыққа үйренеді; Сұраққа жауап беру арқылы мәтіннің мазмұнын тереңірек талдайды. Тапсырма: «Венн диаграммасы» Мақсаты: Алып Ер Тұңға қызметін қазіргі елбасы еңбегімен салыстырады. АКТ желісінен деректер жинастыру арқылы мағлұмат алады; Білімін жетілдіреді.</p>  <p>Тапсырма: «Кейіпкерге хат» Мақсаты: шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жазу. Жазу арқылы сауаттылық категориясы қалыптасады. Дескрипторлар: Ой қозғайды; Сыни көзқарас қалыптастырады.</p>	<p>Бұл тапсырманы жұпта орындайды.</p> <p>Деңгейі жоғары оқушылар таңдауы бойынша орындайды.</p> <p>Деңгейіне қарай сыни тұрғыдан дәлелдемемен жазады.</p>
--	--

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫНЫҢ ЖАЛЫНДЫ ЖЫРЛАРЫ. МЕНИҢ АТЫМ – МАХАМБЕТ

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: М. Өтемісұлының өмір-өткелдерін, тарихи қоғамдық жағдаймен байланысты, жырларына өзек болған романтикалық сарын, азаттық үні, өр бейнесін, асқақ рухын таныта отырып, тақырыпты меңгерту.

Дамытушылық: Оқу мақсаты мен икем мақсатын жүйелі сөйлеуге, оңайдан күрделіге аяқ баса отырып, ой тұжырымдауға шешендікке тапқырлыққа дағдыландыру, ойлау қабілеттерін дамыту, топтық жұмыс жасауға қалыптастыру.

Тәрбиелік: Ұлттық салт-дәстүр негізінде Отанымыздың патриоты болуға тәрбиелеу.

Адамгершілік, өнерсүйгіштік, туған жер, тілімізді құрметтей білуге тәрбиелеу.


Сабақтың түрі: Аралас сабақ. Ізденіс, зерттеу, жаңа білімді меңгерту.

Сабақтың әдісі: Баяндау, сұрақ-жауап алу, мәнерлеп оқу.

Сабақтың көрнекілігі: Слайд, портрет, оқулық.

Пәнаралық байланыс: Тарих, әдебиет, музыка.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі

Сабақ соңы 5 мин.	6. Рефлексия «Шығу билеті» Мақсаты: БББ кестесін толтыру. Кестені нақты дәлелмен толтырады.			
	Білемін	Білгім келеді	Білдім	
5 мин.	Дескрипторлар: <i>Не билетінін айқындайды;</i> <i>Түсінбегеніне жауап іздейді; Білгенін ортаға салады.</i> Кері байланыс «Жақсылық тамшысы» «Бүгінгі сабақтан алған тамшыдай біліміміз, болашақта білім теңізіне айналсын» – деп қорытындылаймын.			

Мұғалімнің өткізген сабақ бойынша рефлексиясы

Саралау. Көбірек қолдау үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндеттер жүктейсіз?	Қалыптастыру-шы бағалау – Оқушылардың берілген материалды меңгеру деңгейін қалай тексересіз?	Пәнаралық байланыс. Денсаулық және қауіпсіздік тексеру. АКТ қолдану. Құндылықтарға сілтеме
Бұл тапсырмаларды орындауды топтық жұмыс, ресурс пайдаланады. Жоғары деңгейлі оқушыларға қосымша жұмыс береді. сабақ мақсаты деңгей бойынша жіктелген.	Оқушылар бір-біріне кері байланыс береді, мұғалімнің кері байланысын алады. Дескрипторлар жауап кілті бойынша бағаланады	Сабақ тарихпен байланысты. Сабақта оқушылардың денсаулығына қауіпті ештеңе болмайды. Құндылықтар өмір бойы білім алу мазмұны бойынша, құрмет ынтымақтастық, ашықтық топтық жұмыс арқылы қалыптасады.

Рефлексия Сабақ мақсаттары жүзеге асырылды ма?	Оқу мақсаты мен сабақ мақсаттары шынайы құрылды. Сабақта «Шаттық шеңбері» сергіту әдісінде психологиялық ахуал қалыптастырдық. «Сөзмаржан» әдісі арқылы сөздікпен жұмыс жүргіздік: «Кім жылдам» әдісі арқылы мәтін мазмұнымен тереңірек таныстық. «Вени диаграммасы» арқылы тілдік қорын дамыта отырып, кешегі мен бүгінгі өмірді байланыстырдық.: «Кейіпкерге хат» жазуда шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жазу арқылы сауаттылық категориясын қалыптастырдық.
---	---

- а). Оқушы назарын сабаққа аудару.
- ә). Сабақ жабдығын әзірлеу.
- б). Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру.

II. Үй тапсырмасын сұрау, тексеру.


1. М. Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы жөнінде не білесің?
2. Махамбет өмір сүрген тұстағы халқымыздың жағдайы қандай еді?
3. Махамбет шығармалырының тақырыбы, маңызы жөнінде не білесің?
4. Ақын өлеңдеріндегі Исатай бейнесі қалай суреттелген?
5. Махамбеттің өр тұлғасын өз бейнесі жырларында қалай суреттелді?
6. Ақынның туған жеріне арналған өлеңдері туралы не айтар едің?
7. М. Өтемісұлының шығармаларының зерттелуі туралы не білесің?
8. М. Өтемісұлы туралы зиялы адамдардың пікірі қандай?

II. Ақын шығармаларын талдау:

1. Азаттық толғаулары, өр үні, ереуіл толғаулары (өскен ортасы, туған жері)
2. Махамбеттің өз бейнесі.
3. Исатай бейнесі (Исатайды жоқтау үні, шаттану, шабыттану).
4. Ауыз әдебиеті үлгісіндегі өлеңдері (әсірелеулер, дамыта суреттеу).
5. Махамбет өлеңдеріндегі гибрат, афоризм, нақыл сөздер.

IV. Жаңа сабақты түсіндіру.

– Махамбет Өтемісұлы кім ?



Әділдік, теңдік іздеген,

Махамбет жыры бізбенен

Махамбет жаратылысында әрі батыр, әрі жырау-ақын, күйші-домбырашы болыпты. Мінезі өте қызу, әдіс-шеберлікті көп ойламайтын, алған бетінен қайтпайтын, қайсар, ер адам болған.

М. Әуезов.

Қазақ халқы талай қиын кезеңдерді басынан кешірді. Елін, жерін қорғап, азаттығы үшін ішкі, сыртқы жаулармен де сұрапыл айқасқа түсті.

Ерлік, елдік көрсетті. Халық тарихындағы сондай елеулі оқиға – XIX ғасырдың I жартысындағы Ішкі Бөкей ордасында болған көтеріліс еді.

Халық «ереуіл атқа ер салды». Ол көтерілісті Исатай мен Махамбет басқарды. Махамбет поэзиясы ереуілге шыққан халықтың құдіретті үні болды. Олар «Еділ бойы ен тоғайға ел қондыруды,

жағалай жатқан сол елге мал толтыруды», елге еркіндік, молишылық әперуді армандады.

Аз сөйлер де, көп тыңдар,

Хас асылдың баласы

Жаманнан туған жақсы бар.

Атасын айтса нанғысыз,—

деген сияқты толғаулары ел аузында қанатты сөзге айналып кеткен. Махамбет өз ойын қапысыз жеткізу үшін сөздері талғампаздықпен қолданған.

Махамбет поэзиясы – ұлтына ұран болған, рухы биік поэзия.

Ол – өз дәуірінің үні.

Ақын жырлары халқын табандылыққа, қиыншылықты жеңетін қайсарлыққа тәрбиелейді.

Ол – асыл сөздің кені, көркем тілдің ұстасы, ерлікке үндейтін үгітші.

VI. Жаңа сабақты пысықтау жұмыстары

Ақын өлеңдеріндегі көркем тіл сөздігін жасау (бейнелі сөз, теңеу, метафора, әсірелеу, т.б.)

«Салыстыру әдісі».

VI. Исатай бейнесі, өз бейнесіндегі поэтикалық тілдің орнын саралау

(«Тарланым» өлеңі бойынша)

Исатай бейнесі:

Кермиық, шандоз, арыстан,

Арыстан ердің қасы, қазанат,

Жампоз, тарлан, жампоз таудағы

Теңіздей терең ақылдым, тебіренсе

ауыр мінездім.

Махамбет бейнесі:

Боз ағаш, асауымен, болат,

Жетпес биікпін ақсуңқар

Сойы едім, асыл ермін

Махамбет деген батырмын т.б.

Мұнартып ұшқан тарлан.

Исатай, Махамбет бейнесі		
Исатай	Махамбет	Дәлелдеу
- қазанат - жампоз - мая - алтын ердің қасы - міңкей ер - ара нар - серке - тарлаң, кермеық - керооз, шандоз - арыстан		

VII. Айтарым бар әдісі...

«Махамбет – өткір тілді патриот ақын»

(Ойтолғау жаздыру, өлең шығару)

VIII. Ой қозғау стратегиясы

Дабыл қаққан дауылпаздай дауысы,

Алдаспанға айналып ар-намысы,

Исатайдың үні болған,

Бар қазақтың ұлы болған,

Ұрпағының жыры болған, Арысым!

Бір тақырыпқа екі жоспар

Ү.С. КӘРІБАЕВА,
Талдыбұлақ ЖОББ мектебі,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Жанаарқа ауданы,
Талдыбұлақ ауылы

IX. Оқушылардың білімін бағалау

X.Үйге тапсырма: М.Өтемісұлының поэзиясы оқу, жаттау.

XI. Шығармашылық саты (Бүгінгі сабақтан алған әсері, ана тілі туралы ойларын тыңдау.)

XII.Сабақты қорытындылау

М.Өтемісұлының қазақ әдебиетіндегі орны ерекше. Ақын өзіне дейінгі ұлттық көркемсөз өнерінің бар асылын бойына сіңіре отырып, қазақтың өлең-жырларын көне түркі, араб-парсы сөздерінен діни сарынан арылтты.Өлеңнің ырғағы мен ұйқасын жетілдірді. Қазақ поэзиясындағы жауынгерлік рух пен патриоттық лепті күшейтті.

Махамбет ақынның бейнесі қазақ ақындарының поэмаларына негізгі арқау болды.Мысалы: Ы.Шәресов «Исатай-Махамбет», Қ.Бекхожин «Махамбет қабіріндегі тербеніс», М.Шаханов «Қаракұм стратегиясы», М.Неталиев «Арыстан еді-ау Исатай» Ө.Күмісбаев «Махамбет», Ф.Оңғарсынова «Алмас қылыш» және т.б

Ұрпағына баға жетпес мол мұра қалдырған М.Өтемісұлын тәуелсіз қазақ елі жоғары бағалайды. Махамбет поэзиясына тән өжеттік, өткір тілділік – әр кезде кейінгі жастарға үлгі.

Ақынның бар бітім, тұлға-тұрпаты ерліктің символы боларлықтай ардақты.

**АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ
«ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА»
ӨЛЕҢІ**

О с ы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	6.1.1.1. әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау.
Сабақ мақсаты	1. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің мазмұнын түсіну. 2. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің жанрын, фабуласын анықтау. 3. Өлеңге композициялық талдау жасау.
Б а ғ а л а у критерийі	<ul style="list-style-type: none">• «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің мазмұнын түсінеді.• Өлеңнің жанрын, фабуласын анықтайды.• Өлеңге композициялық талдау жасайды.
Т і л д і к мақсаттар	Сөздік қор: <i>гибрәтлі, нәфрәтлі, күпір, хадис, мизан, гұламан, дауани</i>

Құндылық-тарға баулу	Өмір бойы білім алу.	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі, тарих.	
Алдыңғы тақырып	Абайдың өмірбаяны туралы мағлұматтар біледі.	
САБАҚ БАРЫСЫ		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 15 мин.	<p>Психологиялық ахуал «Жылы лебіз» тренингі Оқушыларды адамның бойындағы қасиеттерімен топтарға бөлемін. 1-топ – «Еңбекқор»; 2-топ – «Қанағат»; 3-топ «Талапты». – «44» әдісі арқылы 2\2 өзгертіп әр қайсысың өздеріңнің 2 – жақсы, 2 – жаман қасиеттеріңді айтыңдар. Біз 2 қасиеттен айттық. Енді сөзжұмбақ шешу арқылы бүгінгі сабағымыздың тақырыбын табайық. «Миға шабуыл» Сөзжұмбақ шешу (сабақтың тақырыбын табу). «Акроним» әдісі</p>	

	<i>Ғарыш тарақ мақта Бідис ана ағаш Лак парта қайық Ырыс піл тақта Мысық алма артық йод нан бала ат</i>	1-топ «Еңбекқор»; 2-топ «Қанағат»; 3-топ «Талапты». Сөздер жазылған қағаздар
--	--	---

Сабақтың ортасы 15 мин.	<p>Кімнің өлеңі? Бұрын естігендеріміз бар ма? А. Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі. Топтық жұмыс «Тізбектей оқу» <i>Ғылым таппай мақтанба Орын таппай баптанба, Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа күлуге. Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз. Тілеуің, өмірің алдыңда, Оған қайғы жесеңіз.</i> <i>Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шаппақ – Бес дұшпаның, білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз.</i></p>	
--------------------------------	--	--

	<p><i>Жамандық көрсең нәфрәтлі, Суытып көңіл тыйсаңыз.</i></p> <p><i>Жақсылық көрсең гибрәтлі, Оны ойға жисаңыз. Ғалым болмай немене, Балалықты қисаңыз?</i></p> <p><i>Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғалымды көрсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз,</i></p> <p><i>Сізге ғылым кім берер, Жанбай жатып сөнсеңіз? Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз.</i></p> <p><i>Білгендердің сөзіне Махаббатпен ерсеңіз. Ақыл сенбей сенбеңіз, Бір іске кез келсеңіз.</i></p> <p>Оқылымнан кейін ТЖ. «Кім тапқыр?» 1-топ. <i>Бес асыл іс. Жақсы қасиеттер мағынасы.</i> 2-топ. <i>Бес дұшпан. Жаман қасиеттер мағынасы.</i></p> <p>Бағалау критерийі:</p> <ul style="list-style-type: none"> «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің 	<p>Дереккөзі: https: / / w w w . zharar. c o m / k z / olen/1203 - a b a y _ kunanbaev. html © www. ZHARAR. com.</p>
--	---	--

<p>мазмұнын түсінеді.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - түсінгендерін өз сөзімен баяндайды. - өлеңдегі бес асыл іс, бес дұшпанды табады. - жаман, жақсы қасиеттердің мағынасын ашып жазады. <p>ҚБ. Өзара бағалау. Жапондық бағалау</p> <p>ЖЖ. 2-тапсырма: «Шығармашылық талдау» графикалық органайзерге түсіру.</p> <pre> graph LR A[тақырып білім] --- B[жанр түрі] A --- C[Өлеңдегі бес асыл істі, бес дұшпанды қарасөзбен жазу.] A --- D[Өлеңнің әр шумағына атау беру.] B --- E[Менің қорытынды ойым.] C --- E D --- E </pre>	<p>Флип-чарт, маркерлер</p>
<p>Сергіту сәті 2 мин.</p>	<p>Бағалау критерийі:</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Өлеңнің жанрын, фабуласын анықтайды;</i> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өлеңнің тақырыбын көрсетеді; - жанрын жазады; - фабуланы қысқаша өз сөздерімен жазады. - өлең шумақтарына атау ұсынады; - өлең бойынша қорытынды ойын жазады;

<p>ҚБ. Өзара бағалау. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі Сергіту сәті «Су жаттығуы» Ж. 3-тапсырма. Олеңді композициялық құрылысына талдау.</p> <p>Бағалау критерийі: Олеңге композициялық талдау жасайды.</p> <p>Тапсырма арқылы саралау А. Бұл оқушылар сәйкестендіру жасайды.</p> <table border="1" data-bbox="225 642 695 1013"> <tr><td>Авторы</td><td>2</td></tr> <tr><td>Тақырыбы</td><td>6</td></tr> <tr><td>идеясы</td><td>Ғылымның үлкен қазына екенін айту</td></tr> <tr><td>Жанр түрі</td><td>Өлең</td></tr> <tr><td>шумақ</td><td>шалыс</td></tr> <tr><td>тармақ</td><td>25</td></tr> <tr><td>бунақ</td><td>А.Құнанбайұлы</td></tr> <tr><td>буын</td><td>7, 8</td></tr> <tr><td>үйқас</td><td>Жастарды ғылымға,білімге, өнерге шақыру.</td></tr> </table> <p>Дескриптор: - 2 бағандағы мәліметтерді өзара сәйкестендіреді; В. Бұл оқушыларға талдаудың өзі беріледі, оның не екендігін анықтап жазады. Мысалы: 2 саны бунақты білдіреді, өлең дегеніміз жанр деген сияқты т.с.с.</p>	Авторы	2	Тақырыбы	6	идеясы	Ғылымның үлкен қазына екенін айту	Жанр түрі	Өлең	шумақ	шалыс	тармақ	25	бунақ	А.Құнанбайұлы	буын	7, 8	үйқас	Жастарды ғылымға,білімге, өнерге шақыру.	<p>Оқушылар жаттығулар жасайды.</p> <p>кесте</p> <p>Стикер әдісі</p>
Авторы	2																		
Тақырыбы	6																		
идеясы	Ғылымның үлкен қазына екенін айту																		
Жанр түрі	Өлең																		
шумақ	шалыс																		
тармақ	25																		
бунақ	А.Құнанбайұлы																		
буын	7, 8																		
үйқас	Жастарды ғылымға,білімге, өнерге шақыру.																		

	<table border="1"> <tr><td></td><td>2</td></tr> <tr><td></td><td>6</td></tr> <tr><td></td><td>Ғылымның үлкен қазына екенін айту</td></tr> <tr><td></td><td>Өлең</td></tr> <tr><td></td><td>шалыс</td></tr> <tr><td></td><td>25</td></tr> <tr><td></td><td>А.Құнанбайұлы</td></tr> <tr><td></td><td>7, 8</td></tr> <tr><td></td><td>Жастарды ғылымға, білімге, өнерге шақыру</td></tr> </table> <p>Дескриптор: - берілген ақпаратқа сай пунктті көрсетеді; С. Бұл оқушыларға нені талдау керектігі беріледі, сол бойынша кестені толтырады.</p> <table border="1" data-bbox="1205 756 1701 1118"> <tr><td>Авторы</td><td></td></tr> <tr><td>Тақырыбы</td><td></td></tr> <tr><td>идеясы</td><td></td></tr> <tr><td>Жанр түрі</td><td></td></tr> <tr><td>шумақ</td><td></td></tr> <tr><td>тармақ</td><td></td></tr> <tr><td>бунақ</td><td></td></tr> <tr><td>буын</td><td></td></tr> <tr><td>үйқас</td><td></td></tr> </table> <p>Дескриптор: - берілген пункттер бойынша ақпараттарды жазады; ҚБ. Өзін-өзі бағалау. Дұрыс нұсқамен салыстыра отырып, «Жапондық бағалау» әдісімен жүргізеді.</p>		2		6		Ғылымның үлкен қазына екенін айту		Өлең		шалыс		25		А.Құнанбайұлы		7, 8		Жастарды ғылымға, білімге, өнерге шақыру	Авторы		Тақырыбы		идеясы		Жанр түрі		шумақ		тармақ		бунақ		буын		үйқас		
	2																																					
	6																																					
	Ғылымның үлкен қазына екенін айту																																					
	Өлең																																					
	шалыс																																					
	25																																					
	А.Құнанбайұлы																																					
	7, 8																																					
	Жастарды ғылымға, білімге, өнерге шақыру																																					
Авторы																																						
Тақырыбы																																						
идеясы																																						
Жанр түрі																																						
шумақ																																						
тармақ																																						
бунақ																																						
буын																																						
үйқас																																						

Э.Б. ӘБДІРАХМАНОВА,
 № 57 жалпы білім
 беретін орта мектебі,
 қазақ тілі мен әдебиеті
 пәнінің мұғалімі.
 Ақтөбе қаласы

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «ҒЫЛЫМ ТАПШАЙ МАҚТАНБА» ӨЛЕҢІ

Сабақтың соңы 5 мин.		Желкенді қайықтар
Рефлексия «Желкенді қайық»		

Саралау	Бағалау	Денсаулық және қауіпсіздікті сақтау
<p>Тапсырма арқылы саралау А. Бұл оқушылар сәйкестендіру жасайды. В. Бұл оқушыларға талдаудың өзі беріледі, оның не екендігін анықтап жазады. Мысалы: 2 саны бунақты білдіреді, өлең дегеніміз жанр деген сияқты т.с.с. С. Бұл оқушыларға нені талдау керектігі беріледі, сол бойынша кестені толтырады.</p>	<p>Сабақта ҚБ өзара бағалау, өзін-өзі бағалау түрлері қолданылады. Оқушылар кері байланыста «Екі жұлдыз, бір тілек», жапондық бағалау әдістерін қолданады.</p>	<p>Сабақта топтық, жұптық, жеке жұмыс формалары ұйымдастырылады. Оқушылар «Жылы лебіз» тренингі, Миға шабуыл, сөзжұмбақ шешу, шығармашылық талдау, кестемен жұмыс сияқты әдістермен белсенді әрекетке тартылады.</p>

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:	<p>6.1.1.1 Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау. 6.1.2.1 Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік - қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру.</p>
С а б а қ т ы ң мақсаты	<p>Барлық оқушылар орындай алады: Әдеби шығарманың жанрын, сюжетін және әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік - қоғамдық мәселені біледі.</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін, әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселенің идеясын түсінеді.</p> <p>Кейбір оқушылар орындай алады: Әдеби шығарманың</p>

	жанрын, фабуласын, сюжетін анықтап, әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік - қоғамдық мәселенің идеясын өмірмен байланыстырып қолданады.
Бағалау критерийі	Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтайды. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсінеді.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар орындай алады: Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтап, әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсінеді.
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>ғылым таппай мақтанбау, ғылымға көңіл бөлу, балалықты қию, құмарлану, шаттану, қанағат, рақым, нәфрәтілі, гибрәтілі.</i>
	Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: <i>талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ.</i>
	Талқылауға арналған сұрақтар: Абай ағамыз қандай ойды ұсынды? Абай айтқан «Бес асыл іс» шыңына жету жолдары туралы не ойлайсыңдар?

	Не себепті «Бес дұшпан» деп атап көрсетті?	
	Ишара: бас бармақ, бас изеу.	
Құндылықтарға баулу	<i>Зайырлы қоғам және жоғары руханият мақсатында сапалы білім беру жобасын қалыптастыру. Ашықтық пен ынтымақтастықты қалыптастыра отырып, өмір бойы білім алу құндылықтарына баулу.</i>	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі, өзін-өзі тану, ұлттық дүниетаным, математика.	
Алдыңғы білім	« Білім паровозы » әдісі арқылы бірнеше сөйлеммен оқушылардың осы тақырып туралы білетіндерін еске түсіріп, жинақтау. “ <i>Көкірегі сезімді, тілі орамды, Жаздым үлгі жастарға бермек үшін ...</i> ” өлеңді өз ойларыңмен толықтырады. Оқушылар өз ойларын айтып, бірінің артына бірі тіркесе береді.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	С а б а қ т а ғ ы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар

<p>Сабақтың басы 10 мин.</p>	<p>Психологиялық ахуал «Шаттық шеңбері»</p>  <p>«Менің жан-жақты ерекшелігім» Мақсаты: Іштегі жағымсыз әдеттерді шығару. Топқа бөлу: Бес асыл істі санау арқылы үш топқа бөлемін. Қалыптастырушы бағалау: Топтардың бір-бірін бас бармақ арқылы бағалауы. «Ойлан, Бірік, Бөліс» Оқушылар жауаптарды немесе өз ойларын барынша көп жазады. (Ойлан). Одан кейін олар өз ойларын сыныптастарымен біріктіреді (Бірік) және соңында мұғалім бүкіл сыныптың жазбаларын талқылауды бастайды (Бөліс). «А.Құнанбаев шығармалары – тәрбие көзі» сөзімен қорытамыз. ақпаратты оқушылар қаншалықты қабылдағанын, түсінгенін айтады.</p>	<p>Ақ қағаз, Түрлі-түсті стикерлер</p>  <p>https://www.youtube.com/watch?v=http://expert.atamura.kz/kz/books/grade/6</p>
--	--	---

<p>Сабақтың ортасы 20 мин.</p>	<p>Маршруттық карта. 1-тапсырма. Берілген тапсырма бойынша мына кестені толтырыңдар.</p> <p>Бұл тапсырма саған қиындық тудырмайтынына сенімдімін, шәкіртім!</p>	<p>Оқулықпен жұмыс «Қазақ әдебиеті» Оқулығы Алматы «Атамұра» 2018 жыл 40-42 бет</p> <p>http://smk.edu.kz</p> <p>https://www.zharar.com/kz/o1en/1203-abay_kunanbaev.html</p>
	<p>1. Абай қандай нәрседен жиренуді, неден үйренуді ұсынады? Абайдың бес асыл іс деп отырғаны нелер?</p> <p>2. Ғылым таппай мақтанбау, ғылымға көңіл бөлу, балалықты қию деген сөздерді қалай түсінесіңдер?</p> <p>3. Өлеңдегі қашық – асық, жамандық – жақсылық, сөну – жану сөздерінің мағыналық айырмашылығына көңіл бөл, құмарлану, шаттану, қанағат, рақым деген сөздердің синонимдерін табыңдар.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Рахмет» әдісі бойынша ең ұтымды ой айтқан досына рахмет айтады.</p>	

Семантикалық карта				
Тақырыбы	Авторы	Жанры	Түйінді ой	Негізгі идеясы

https://www.zharar.com/kz/makal/1073-kitap_book.html

2-тапсырма. Үш жақты күнделік

1. Мәтіндегі ең маңызды, өзіңізге ұнаған үзінді	2. Түсінік-теме беру	3. Лайықты мақал (топ оқушылары бірлесе отырып, көрғайды.)

Қалыптастырушы бағалау

Бағалау критерийі	Дескриптор	Балл
Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтайды. 1	- Әдеби шығарманың жанрын тауып айта алады; - Фабуласы мен сюжетін орынды қолдана алады;	3 3
Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсінеді.	- Мақал мәтелдерді қолдану арқылы сөздік қорын дамыта алады. - Өздеріне ұнаған шумақтарына түсініктеме беріп айта алады.	4 4
Еш даярлықсыз диалогке түсіп, қарым-қатынас сөйлеу мәдениетін жүзеге асыра алады. - диалогқа еш даярлықсыз түсе алады;	- өмірмен байланыстырып өз пікірін айта алады.	5 5

6-7 балл – «3»;
8-9 балл – «4»;
10 балл – «5».

Сабақтың соңы 15мин.	<p>«5-5-1» әдісі бойынша «Ғылым таппай мақтанба» тақырыбына ой түйю.</p> <p>Шарты: <i>Бес сөйлем жазып, сөйлемнен бес сөз таңдайды, бес сөздің ішінен бір негізгі сөзді таңдайды. Бір сөз арқылы сабақты түйіндейді.</i></p> <p>Қалыптастырушы бағалау: «Бес саусақ» әдісі</p>	«Мәңгілік Ел» жалпы-ұлттық идеясының құндылықтары
Қ о с ы м ш а ақпарат	Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жатқа айту.	
Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырасыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

<p>Барлық оқушылар</p> <ul style="list-style-type: none"> Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін біледі. 	<p>Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін білді.</p> <p>Әдеби шығарманың негізгі идеясын түсінді.</p> <p>Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы сипаттап, өмірмен байланыстырып қолданды.</p>	<p>Денсаулық сақтау технологиялары.</p> <p>Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері.</p>
<p>Көпшілік оқушылар</p> <ul style="list-style-type: none"> Әдеби шығарманың негізгі идеясын түсінеді. 	<p>Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы сипаттап, өмірмен байланыстырып қолданды.</p>	<p>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелеріне кіріспе нұсқаулық.</p>
<p>Кейбір оқушылар</p> <ul style="list-style-type: none"> Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы сипаттап, өмірмен байланыстырып қолданады. 		<p>Қазақ тілі, өзін-өзі тану, ұлттық дүниетаным, математика.</p>

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ш.ҚАПЕЗОВА,
Ы.Шөреков атындағы
мектеп-гимназиясы,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Атырау облысы,
 Қызылқоға ауданы,
 Миялы ауылы

НАУРЫЗ – ЖЫЛ БАСЫ

<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>6.1.1.1 – Мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау.</p> <p>6.4.4.3 - Үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану.</p>
<p>Сабақ мақсаты</p>	<p>Барлық оқушылар: Мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжайды. Мәтіннен үстеудің мағыналық түрлерін ажыратып, үстеудің синонимдік қатарларын түрлендіріп қолданады.</p> <p>Оқушылардың көбісі: Тақырыпқа қатысты тірек сөздерді қолдана отырып, сәйкестендіре алады. Мәтінде кездесетін тыйым сөздердің мағынасын түсіндіріп, бүгінгі күнмен байланыстыра алады.</p>

	Кейбір оқушылар: Көтерілген мәселеге қатысты көзқарастарын білдіріп, өмірмен байланыстыра отырып эссе жазып, өлең құрастыра алады. Жоғары дәрежелі сұраққа жауап бере алады.
Бағалау критерийі	– Мәтіннің тақырыбын, келесі бөлігіндегі мәселені болжайды. – Үстеудің мағыналық түрлерін анықтайды. – Синонимдерді түрлендіреді. – Сауатты әрі каллиграфиялық талапқа сай жаза алады.
Ойлау деңгейлері	Қолдану
Тілдік мақсат	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>Наурыз, жаңа жыл, наурызшешек, салт-дәстүр, наурыз көже, бата-тілек, наурыzkөк. Наурыз парсыша «нау»(жаңа) және «руз» (күн) дегенді білдіреді.</i>
	Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер: Ұлыстың ұлы күні, күн мен түннің теңелуі, сонша, бірталай, менің ойымша...

	Жоғары дәрежелі сұрақтар: - Өзге ұлттарға қарағанда мұсылман халықтарының Жаңа жылды тойлау ерекшелігі неде деп ойлайсың? - Еліміздің әртүрлі өңірлерінде Наурыз мерекесі қалай тойланады, жергілікті жерімізден айырмашылығы бар ма? - Наурыз мерекесінің тойлануына қандай ұсыныстар қосар едің?
--	--

Құндылықтарға баулу	<i>Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы. Қазақ әдебиетінің тарихы мен мәдениеті және әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктері.</i>	
Пәнаралық байланыс	Жеке өмірінде және қоғамда қазақтың ұлттық мейрамының маңызды екенін меңгерту үшін тарих пәнімен байланыстыру.	
АКТ қолдану	Интербелсенді тақта қолданамын.	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Салт-дәстүр және тәрбие.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Жоспарланған әрекеттер (төмендегі жазбаларды өзіңдің жоспарлаған әрекеттеріңізбен)	Ресурстар

<p>Сабак- тың басы 5 мин.</p>	<p>Ұйымдастыру жұмыстары: Топқа бөлу (берілген суреттер бойынша оқушылар топқа бөлінеді.) 1-топ. – Наурыз көже; 2-топ – Наурызкөк; 3-топ – Наурызшешек.</p> <p>Суреттер арқылы тақырыпты болжап, білетіндерін ортаға салу.</p> <p><i>Көрсетілген суреттерде ортақ тақырып қандай деп ойлайсыздар?</i></p> <p>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін таныстыру.</p>	<p>Суреттер</p> 
<p>Сабак- тың ортасы 28 мин.</p>	<p>1-тапсырма Ж. Тыңдалым алды тапсырмасы. – Берілген сөздерге қарап, мәтіннің атауын талқылаңыз. Жыл басы, ақ, көктем мезгілі, мереке. «Мүмкін» әдісі Тыңдалым тапсырмасы. Мәтіннің алғашқы бөлігін мұқият тыңдаңыз. Мәтіннің не туралы болатынын болжап, өз болжамыңызбен салыстырыңыз. 1-бөлім Наурыз мерекесінің пайда болуы жайлы әркім әртүрлі дерек айтады.</p>	

	<p>Біреулер Сүлейменнің жүзігі табылған күн десе, Иран аңыздарында адамзаттың отты пайдалана білген сәтін Наурыз деп атаған деседі. Адамзат емес, бір ғана түркі тайпаларында бұл күн жайлы аңыз да, ертегі де көп. (Осы жерден тоқтатылып, оқушылардың 2-бөлім бойынша болжамы тыңдалады.) Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. ТЖ. «Шолпы» организері (Үстеулерді тауып, мағынасын ажыратып, синонимдік қатарын алмастырып жазады.)</p>  <p>Үлгі: Жазылмаған дала заңы қазақ халқының кеше (өткен замандарда) ұстанған салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының ар жағында (астарында) биік парасат пен даналық жатыр. Әрқашан ұрпағының тектілігін сақтауды көздеген батыр бабаларымыз оны өздерінің қасиетті борышы санаған.</p>	<p>«Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша МАН</p> <p>Қалыптас- тырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы 6-сынып</p>
--	---	--

<p>ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек» 2-тапсырма Ж. «Қос жазба» әдісі (Берілген мәтінде кездесетін тыйым сөздерді тауып, мағынасын ашу арқылы кестені толтыру.)</p>		<p>Қалыптас- тырушы бағалау әдістері Майк Гершон</p>											
<table border="1"> <tr> <th>Тыйым сөздер</th> <th>Мағынасы</th> </tr> <tr> <td>Ұлыс күні шаш, тырнақ алмайды. Ұлыс күні кір жумайды, жолға шықпайды, құрылыс бастамайды, іс тікпейді. Қақпан, тұзақ құрмайды.</td> <td></td> </tr> </table>	Тыйым сөздер		Мағынасы	Ұлыс күні шаш, тырнақ алмайды. Ұлыс күні кір жумайды, жолға шықпайды, құрылыс бастамайды, іс тікпейді. Қақпан, тұзақ құрмайды.		<p>«Арман-ПВ» баспасы Т.Н.Ермекова Ж.К.Отарбекова Г.Б.Тоқтыбаева 6-сынып (Жоба)</p>							
Тыйым сөздер	Мағынасы												
Ұлыс күні шаш, тырнақ алмайды. Ұлыс күні кір жумайды, жолға шықпайды, құрылыс бастамайды, іс тікпейді. Қақпан, тұзақ құрмайды.													
<p>Сәйкестендіру кестесі <i>(Екі бағандағы сөйлемдерді сәйкестендіріп жазыңыздар.)</i></p>													
<table border="1"> <tr> <th>Наурыз мерекесі</th> <th>Өйткені..</th> </tr> <tr> <td>-</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ы н т ы м а қ . татулық. достық мерекесі</td> <td>22 наурызда күн мен түн теңеседі, тіршілік жанданады, жан-жануар төлдейді, көктем келеді.</td> </tr> <tr> <td>Тазалық мерекесі</td> <td>А ғ а ш т а р оты р ғ ы з ы л а д ы , бұлақтардың көздері ашылады, өзендердің арнасы тазартылады</td> </tr> <tr> <td>Т а б и ғ а т қ а қ а м қ о р л ы қ мерекесі</td> <td>Араздасқан адамдар өкпе-реніштерін ұмытып, бірін-бірі кешіреседі, бір-бірінің үйіне барып көреседі</td> </tr> <tr> <td>Жылдың ауысуы, жаңару мерекесі</td> <td>Үйдің іші-сырты тазартылып, күл-қоқыс шығарылып, ескі-құсқы нәрселер аластатылады.</td> </tr> </table>	Наурыз мерекесі	Өйткені..	-		Ы н т ы м а қ . татулық. достық мерекесі	22 наурызда күн мен түн теңеседі, тіршілік жанданады, жан-жануар төлдейді, көктем келеді.	Тазалық мерекесі	А ғ а ш т а р оты р ғ ы з ы л а д ы , бұлақтардың көздері ашылады, өзендердің арнасы тазартылады	Т а б и ғ а т қ а қ а м қ о р л ы қ мерекесі	Араздасқан адамдар өкпе-реніштерін ұмытып, бірін-бірі кешіреседі, бір-бірінің үйіне барып көреседі	Жылдың ауысуы, жаңару мерекесі	Үйдің іші-сырты тазартылып, күл-қоқыс шығарылып, ескі-құсқы нәрселер аластатылады.	
Наурыз мерекесі	Өйткені..												
-													
Ы н т ы м а қ . татулық. достық мерекесі	22 наурызда күн мен түн теңеседі, тіршілік жанданады, жан-жануар төлдейді, көктем келеді.												
Тазалық мерекесі	А ғ а ш т а р оты р ғ ы з ы л а д ы , бұлақтардың көздері ашылады, өзендердің арнасы тазартылады												
Т а б и ғ а т қ а қ а м қ о р л ы қ мерекесі	Араздасқан адамдар өкпе-реніштерін ұмытып, бірін-бірі кешіреседі, бір-бірінің үйіне барып көреседі												
Жылдың ауысуы, жаңару мерекесі	Үйдің іші-сырты тазартылып, күл-қоқыс шығарылып, ескі-құсқы нәрселер аластатылады.												

<p>Ширату жаттығуы: « Батаны жалға ...» әдісі <i>(оқушылар Наурызға қатысты бата-тілек айтады келесі оқушы жалғастырады. Айтылған бата-тілектер қабыл болсын деп, бір-бірімен төс қағыстырып көріседі.)</i></p> <p>3-тапсырма «Попс формуласы» әдісі бойынша <i>«Ұлттық мерекені өткізуге менің қосар үлесім ... » тақырыбында эссе жазу.</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. <i>«Менің ойымша...»</i> 2. <i>«Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»</i> 3. <i>«Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»</i> 4. <i>«Осыған байланысты мынадай қорытынды шешімге келдім...»</i> <p>«Шашу» әдісі бойынша өлең құрастыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1арнаймын. 2жырлаймын. 3.....шаттанып, 4..... тойлаймын. <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтіннің тақырыбын және көтерілген мәселені болжады; - үстеудің мағыналық түрлерін ажыратты; 	<p>«Әдіс-тәсілдер қоймасы»</p>
--	--------------------------------

	- синонимдерді түрлендірді; - сауатты әрі каллиграфиялық талапқа сай жаза алды;	
Соңы. Кері байланыс 7 мин.	 «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесі	А.ӘЛІМОВ «Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану»

Саралап оқыту – көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз?	Бағалау – Оқушылардың берілген материалды меңгеру деңгейін қалай тексересіз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау
Қажеттілікті керек ететін және дарынды оқушыларға үнемі қолдау көрсету	ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы оқушылар бірін-бірін бағалайды; - «Менің сабақтан кейінгі әсерім» арқылы кері байланыс; - Білім критерийлеріне сәйкес дайындалған дискрипторлар бойынша	Ширату жаттығуын ұйымдастыру. АКТ - мен жұмыс жасауда қауіпсіздік ережесін сақтау





Рефлексия: – Сабақ мақсаттары мен оқу мақсаттары жүзеге асырылды ма? – Бүгін оқушылар нені үйренді? – Оқыту ортасы қандай болды? Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма? – Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? – Қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?	Төменде берілген бос орынды өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты сол жақта келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.
Қорытынды бағалау: Ең жақсы өткен екі тапсырманы атап көрсетіңіз (оқытуға және үйренуге қатысты) 1: 2: Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (оқытуға және үйренуге қатысты)? 1: 2: Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпаратты білдім? 1: 2:	

Ж. МЕЙРХАНОВА,
КММ «Дарынды балаларға
арналған Ш.Уәлиханов
атындағы «Жас Ұлан» арнайы
ерлер мектеп-лицей-интернаты».
 Шығыс Қазақстан облысы,
 Семей қаласы

ФАСТФУДТЫҢ ЗИЯНЫ

Сабақта асатын мақсаты (оқу бағдарламасынан сілтеме)	Т6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.	
С а б а қ т ы ң мақсаты	8. Т6. Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру.	
Б а ғ а л а у критерийі	ОМ	Дескриптор
	Т6. Тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.	Т ы ң д а л ы м материалдарының мазмұнын түсінеді. Т ы ң д а л ы м материалдарының мазмұны негізінде өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстырады.
Тілдік мақсаттар	Иммунитетті күшейту, тазалық сақтау, дене шынықтырумен айналысу, дұрыс тамақтану.	
Құндылықтар	Өмір бойы білім алу, ынтымақтастық, құрмет.	

АКТ дағдысын қолдану	Интербелсенді тақта, аудиовизуалды материал, бейнебаяндар, суреттер, плакаттар.	
Ө м і р м е н байланыс	Спортқа деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, дені сау азамат болуға тәрбиелеу. Тазалыққа, ұқыптылыққа баулу. Денсаулыққа зиянды тағамдардан аулақ болу.	
П әне р а л ы қ байланыс	Денешынықтыру, биология	
Сабақ барысы		
Жоспарланған кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекеттер	Дереккөздер
Сабақтың басы	« Ш а т т ы қ ш е ң б е р і » т р е н и н г і . Сабақта жағымды психологиялық ахуал тудыру. О қ у ш ы л а р шеңбер бойымен қолдарын ұстап тұрып, бір-біріне жақсы тілектерін білдіреді. Екі топқа бөлініп отырады.	
	Өткен сабақты тексеру:	
	Денсаулық туралы	

	<p>жаттап келген мақал – мәтелдерін «Жалғасын тап» ойыны арқылы тексеру:</p> <table border="1"> <tr> <td>1.Тазалық –</td> <td>зор байлық.</td> </tr> <tr> <td>2. Т а з а л ы қ - денсаулық негізі,</td> <td>денсаулық кепілі</td> </tr> <tr> <td>3.Денсаулық –</td> <td>-байлық негізі.</td> </tr> <tr> <td>4.Шынықсаң –</td> <td>шымыр боларсың.</td> </tr> <tr> <td>5.Денсаулықтың қадірін</td> <td>ауырғанда білерсің</td> </tr> <tr> <td>6.Тәні саудың –</td> <td>жаны сау.</td> </tr> <tr> <td>7.Денің сау болса, Жолдасың көп болса,</td> <td>жарлымын деме, жалғызбын деме.</td> </tr> <tr> <td>8.Ауырып ем іздегенше,</td> <td>ауырмайтын жол ізде.</td> </tr> </table>	1.Тазалық –	зор байлық.	2. Т а з а л ы қ - денсаулық негізі,	денсаулық кепілі	3.Денсаулық –	-байлық негізі.	4.Шынықсаң –	шымыр боларсың.	5.Денсаулықтың қадірін	ауырғанда білерсің	6.Тәні саудың –	жаны сау.	7.Денің сау болса, Жолдасың көп болса,	жарлымын деме, жалғызбын деме.	8.Ауырып ем іздегенше,	ауырмайтын жол ізде.	
1.Тазалық –	зор байлық.																	
2. Т а з а л ы қ - денсаулық негізі,	денсаулық кепілі																	
3.Денсаулық –	-байлық негізі.																	
4.Шынықсаң –	шымыр боларсың.																	
5.Денсаулықтың қадірін	ауырғанда білерсің																	
6.Тәні саудың –	жаны сау.																	
7.Денің сау болса, Жолдасың көп болса,	жарлымын деме, жалғызбын деме.																	
8.Ауырып ем іздегенше,	ауырмайтын жол ізде.																	
	<p> Мектеп. «Денсаулық» бейнебаяны (00:15-02:21 минут аралығы) көрсетіледі, бейнебаянда кездесетін сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашу керек.</p> <table border="1"> <tr> <td>Сөздер мен сөз тіркестері</td> <td>Мағынасы</td> </tr> <tr> <td>Иммунитетті күшейту</td> <td></td> </tr> </table>	Сөздер мен сөз тіркестері	Мағынасы	Иммунитетті күшейту		<p>https://www.youtube.com/watch?v=O7Lg63vLt2Y</p>												
Сөздер мен сөз тіркестері	Мағынасы																	
Иммунитетті күшейту																		

	<p>Дұрыс тамақтану</p> 																										
	<p>Тазалық сақтау</p> 																										
	<p>Дене шынықтырумен айналысу</p> 																										
<p>Оқушылар сөз тіркестерін тауып, сәйкестендіреді.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th></th> <th>Сөздер</th> <th></th> <th>Сөздер</th> <th>Сәйкестендіру жауабы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>A.</td> <td>Тазалық</td> <td>1.</td> <td>күшейту</td> <td>A3</td> </tr> <tr> <td>B.</td> <td>Иммунитетті</td> <td>2.</td> <td>айналысу</td> <td>B1</td> </tr> <tr> <td>C.</td> <td>Дене шынықтырумен</td> <td>3.</td> <td>сақтау</td> <td>C2</td> </tr> <tr> <td>D.</td> <td>Дұрыс</td> <td>4.</td> <td>тамақтану</td> <td>D4</td> </tr> </tbody> </table> <p>Дұрыс жауап: A3, B1, C2, D4.</p>				Сөздер		Сөздер	Сәйкестендіру жауабы	A.	Тазалық	1.	күшейту	A3	B.	Иммунитетті	2.	айналысу	B1	C.	Дене шынықтырумен	3.	сақтау	C2	D.	Дұрыс	4.	тамақтану	D4
	Сөздер		Сөздер	Сәйкестендіру жауабы																							
A.	Тазалық	1.	күшейту	A3																							
B.	Иммунитетті	2.	айналысу	B1																							
C.	Дене шынықтырумен	3.	сақтау	C2																							
D.	Дұрыс	4.	тамақтану	D4																							
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p> Жаңа тақырыпқа байланысты, яғни фастфудтың зияны туралы бейнебаян көрсету. «Сурет галереясы» әдісі бойынша пайдалы, пайдасыз тағамдарды (суреттерді) екі бөлек орналастыру.</p>																										

	Пайдалы тағамдар	Пайдасыз тағамдар	

Ой толғаныс. Топтық жұмыс.
5-тапсырма. Үш қатардағы сөздерді пайдаланып, сөйлемдер құрастырындар.

1.	Тез	1.	тамақтану	1.	тағамдар
2.	Асқазан	2.	мерзімі	2.	төмен
3.	Газдалған	3.	сапасы	3.	өнімдер
4.	Денсаулыққа	4.	тағамдарының	4.	өткен
5.	Тағамның	5.	бұзылатын	5.	көбейді
6.	Дұрыс	6.	ауруы	6.	болады
7.	Фастфуд	7.	сусындар	7.	зиян
8.	Жартылай	8.	дайын	8.	қажет
9.	Сақталу	9.	тағамдарды	9.	жемеймін
10.	Пайдасыз	10.	зиян	10.	сапасы

Дұрыс жауабы:

*Тез бұзылатын тағамдар.
 Асқазан ауруы көбейді.
 Газдалған сусындар зиян.
 Денсаулыққа зиян өнімдер.
 Тағамның сапасы төмен.
 Дұрыс тамақтану қажет.
 Фастфуд тағамдарының сапасы.
 Жартылай дайын болады.*


*Сақталу мерзімі өткен.
 Пайдасыз тағамдарды жемеймін.*

Сергіту сәті



**Миға шабуыл.
 Бекіту.
 Сұрақтарға жауап беру.
 Тағамдардың шыққан Отанын табу**

Пицца	Қазақстан
Спагетти	Түркия
Суши	Қытай
Қазы-қарта	Жапония
Кока-кола	Германия
Хот-дог	Ақш
Гамбургер	Азия
Фри картобы	Италия
Грек жаңғағы	Франция
Донер	Бельгия
Грек салаты	Греция

<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Жағдаят №1</p> <p><i>Досың екеуің гамбургер сататын дүкеннің жанында тұрсыңдар. Досың «гамбургер жсейік» деп ұсыныс айтты. Сен гамбургердің, жалпы фастфуд тағамдарының адамға зиян екеніне оның көзін жеткіз.</i></p> <p>Жағдаят №2</p> <p><i>10 жастағы Дамир семіздікпен ауырады. Сендердің ойларыңша, Дамирге қалай көмектесуге болады?</i></p> <p>Ой шақыру. Сурет бойынша жұмыс.</p> <p>Бағалау.</p> <p>Сабақты қорытындылау.</p> <p>Үйге тапсырма: «Фастфуд тағамдарының зияны» тақырыбына эссе жазу.</p> <p>Рефлексия</p>  <p><i>Әр оқушыға кемелің суреті бар парақша таратылады. Оқушылар кемелі қалаған түске бояп, өздерінің сабақты қалай меңгергендіктерін көрсетеді.</i></p>	
-----------------------------	---	--

К.Ж. ӘДІЛОВА,
КММ «№134 Лицей»
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы қаласы

ӘР ЕЛДІҢ САЛТЫ БАСҚА

Мақсаты: «Әр елдің салты басқа» мәтіні бойынша өз ойларын шығармашылық жолмен жеткізу.

Бағалау критерийлері:

- Үй тапсырмасын орындау, «Ыстық орындық» ойынына белсенді қатысу;
- Жаңа сөздермен сөз тіркестерін, сөйлем құрастыру;
- «Джигсо» әдісі бойынша жұмыс жасау;
- «Сиқырлы сандықша» ойынына белсенді қатысу;
- Сабақ барысында ұсынылған тапсырмаларды дұрыс орындау;
- «Ол кім? Бұл не?» ойынына белсенді қатысу.

Күтілетін нәтиже: Оқушылар тақырыппен танысады, түсінеді және шығармашылық қабілеттерін дамытады, сөздік қорларын кеңейтіп күнделікті өмірде, сөйлеу барысында қолдана алады.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: «Джигсо» әдісі, «Кім шапшаң?», «Ыстық орындық», «Сиқырлы

сандықша», «Ол кім? Бұл не?» ойындары.

Қолданылатын ресурстар: Флипчарт, маркерлер, тақта, стикерлер, ИКТ, орындық, кеспе, доп.

Қазақ тілі 11 сынып

АКТ, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.

Ұйымдастыру кезеңі:

Мұғалімнің іс-әрекеті:

- *Оқушыларды пазл арқылы топқа бөлу.*
- *Әр топқа бағалау парағын таратып беру.*
- *Фигуралармен бағалау әдісі (бағалау үшін фигураларды таратып беру)*

Оқушылардың іс-әрекеті:

- *Оқушылар топқа бөлініп, өз топ басшыларын сайлайды.*
- *Бағалау парағы арқылы топ басшылары топ мүшелерін бағалап отырады.*

Сабақ кезеңдері. Қызығушылықтарын ояту.

Тапсырма. «Ыстық орындық» ойыны арқылы сұрақ жауап сәтін өткізу. Өткен тақырып бойынша үй тасырмасын қайталауға бағытталған сұрақтар **«Ыстық орындық» ойыны** барысында қойылады. Оқушылар мұғалім берген тапсырманы орындайды. **«Ыстық орындық» ойыны** барысында барлық

қайталау сұрақтары мен тапсырмалар кейіпкерге беріліп, кейіпкер, сыни тұрғыдан ойлау арқылы нақты дәлелдермен жауап береді.

Мұғалімнің іс-әрекеті: Үйге берілген тапсырманы сұрау барысында сұрақ-жауап әдісін қолдана отырып, топтық диалогті ұсыну.

Білім:

1. Сөздікпен жұмыс

«Джигсо» әдісі бойынша мәтінмен жұмыс жүргізіледі.

Жаңа сабақты бастамас бұрын ой қозғау мақсатында оқушыларға бірнеше тапсырмалар беріледі.

Оқушылардың мақсаты: Берілген тапсырмаларды қатесіз топпен орындайды, білімдерін тексереді. Топтық жұмыс орындалады.

Ұсынылған тапсырмалар:

1. Бас шайқау ишараты нені білдіреді? (жауабын қойылыммен көрсету.)

2. «О кей» сөзі нені білдіреді? (пантомима арқылы түсіндіру.)

3. «Тамаша» белгісі нені білдіреді? (кластер арқылы түсіндіру.)

Тапсырманың орындалу шарты түсіндіріліп, әр оқушының жұмысы қадағаланады.

Топ көшбасшылары жасырын түрде ұсынылған тапсырмаларды таңдайды. Топтық жұмыс

жүргізіледі.

Түсіну. Деңгейлік тапсырма.

III-деңгей.

1. Еуропада «О кей» сөзі нені білдіреді?
2. Тибетте қалай амандасады?
3. Бразилияда «О кей» сөзі нені білдіреді?

II- деңгей.

1. Мысыр елінде «Жоқ» дегенді ишаратпен қалай көрсетеді?
2. Францияда «О кей» сөзі нені білдіреді?
3. Үндістанда келіскенді ишаратпен қалай көрсетеді.

I-деңгей.

1. Біздің «ымымызды», үнсіз жауабымызды бүкіл әлемде дұрыс түсіне ме?
2. Бас бармағымызды жоғары көтергеніміз басқа елдерде нені білдіреді?

Бас бармағымызды жоғары көтергеніміз нені білдіреді?

«Сиқырлы сандықша» ойынының орындалу шарты түсіндіріліп, әр оқушының жұмысы қадағаланады.

Топ мүшелері жұп бойынша тақтаға шығып, «Сиқырлы сандықша» ойынының шарты бойынша, кеспелердің сұрақтарына жауап береді. Жұптық жұмыс жүргізіледі (ИКТ, кеспелер, «Сиқырлы сандықша» ойынына қажетті

құралдар).

Жинақтау. «Ол кім? Бұл не?» ойыны. Әр топтан біреуі шығып, бүктелген кеспені таңдайды. Онда белгілі бір мемлекеттің атауы жазылған. Ойынның шарты бойынша, басқа топ мүшелері сұрақтар қойып, жауап алу арқылы ойынның бас кейіпкері қай жерден екенін анықтайды.

Жаңа тақырып бойынша және өткен сабақты толық меңгерту мақсатында сұрақтар мен қосымша тапсырмалар беріледі.

Сабақты қаншалықты меңгергенін тексереді және сұрақтармен жұмыс жүргізеді. Топта талқыланады.

Бағалау. Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойын стикерге жазып, тақтаға іледі. Мұғалім әр оқушыға балағау критерийлерін таратады, бағалау парақшалары беріледі. Оқушылар бағалау критерийлерін пайдаланып, әркім өзін бағалайды. **(Бағалау парақшасы.)**

Рефлексия. «Доп» әдісі. Мұғалім бір оқушыға сұрақ қойып, допты соған лақтырады, ол келесі оқушыға өзінің сұрағын қойып лақтырады. Ойынның шартын орындайды.

Үй тапсырмасы. 50-бет, 1-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, өз пікірлеріңді айтыңдар. Тапсырманың орындалу шарты талқыланады. Берілген тапсырманы күнделіктеріне жазып алады.

ҚҰСТАР– БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	<p>3.1.2.1. Баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну.</p> <p>3.2.1.1. Сөйлеу барысында мәтін тақырыбына сәйкес сөздерді қолдану.</p>
С а б а қ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Мәтіннің мазмұнын түсінеді.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Тақырыпқа қатысты тірек сөздерді қолданып сөйлейді.
	Кейбір оқушылар орындай алады: Берілген материалға қатысты сұрақтарға өз пікірлерін білдірді.
Бағалау критерий	<p>- мәтіннің мазмұнын түсінеді.</p> <p>- тірек сөздерді қолданып, сөйлейді.</p>

О й л а у дағдыларның деңгейі	Білу, түсіну, қолдану, талдау	
Құндылық-тарды дарыту	Ашықтық-айналадағыларға қамқорлық көрсету; Ынтымақтастық - жеке, жұптық жұмыс әрекеттерінде көрінеді.	
Тілдік мақсат	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: көгершін, мекенде, ұя, қарлығаш, тоқылдақ.	
Алдыңғы оқу:	Құстар туралы түсініктері бар, сұраққа жауап бере алады.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Ж о с п а р л а н ғ а н жаттығу түрлері	Дерек-көздер
Сабақтың басы	<p>Тыңдалым алды Зейінді шоғырландыру; Аудиозапись.</p> <p>Түрткі сұрақтар: – <i>Бұлар ненің дыбыстары?</i> – <i>Бұлардың барлығы қандай табиғатқа жатады?</i> – <i>«Құстар – біздің досымыз» неге?</i> – <i>Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қандай деп ойлайсыздар?</i></p>	

Мозаика әдісі

1-топ – Қарлығаш;

2-топ – Тоқылдақ;

3-топ – Көгершін.

«БББ» кестесін
толтырады.

Құстар туралы білемін	Құстар туралы білім келеді	Құстар туралы білдім

Жаңа сөздерге түсінік.

Ұя – құстардың баспанасы;

Көгершін – бейбітшіліктің белгісі;

Мекен – құстардың тұратын орны;

Қарлығаш – егінді қорғайтын құс;

Тоқылдақ – орман дәрігері.

«Сөздер банкiсi» әдiсi.

Тақтаға сөздердің анықтамасы ілінеді, банкінің ішінен оқушылар суреттерді алып, сәйкестендіреді.



Егінді қорғайтын құс

<https://deti-online.com/audioskazki/skazki-suteeva-mp3/eto-chto-za-ptica/>

Smk.edu.kz

<http://www.zkoipk.kz/ru/confnis1s/713-conf.html>



Құстардың тұратын орны



Бейбітшіліктің белгісі



Құстардың баспанасы



Орман дәрігері

«Көкжиек-Горизонт»
ЖШС,
2018

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Қазір мәтінді мұқият тыңдаймыз, сол арқылы қойылған сұраққа жауап береміз.</p> <p>Мәтінді тыңдайды.</p> <p><i>Құстар орманда мекендейді. Ағаш бұталарына ұя салады. Құстардың пайдасы көп. Тоқылдақ ағашты қорғайды. Оны «Орман дәрігері» деп атайды. Қарлығаш егінді қорғайды. Бейбітшіліктің белгісі – көгершіндер. Бұрынғы өткен заманда хат тасыған. Құстар да жанды табиғатқа жатады.</i></p> <p>«Попкорн» әдісі.</p> <p>Мәтін мазмұны бойынша сыныпқа сұрақтар қоямын, жауабын білетін оқушылар орнынан тез арада атып тұрады.</p> <p>– Құстар қайда мекендейді?</p> <p>– Құстардың ағашқа қандай пайдасы бар?</p> <p>– Егінді қорғайтын құс?</p> <p>– Көгершіндер ненің белгісі?</p> <p>– Қандай құстар бұрын хат тасыған?</p>	
-------------------------------	--	--

	<p>ҚБ. Сұраққа жауап беруге қатыспаған оқушыларды тарту үшін «Ойлан. Жұптас. Бөліс» әдісі. Қойылған сұраққа жеке-дара ойланады, жұптасып талқылайды, кейін топпен талқылайды.</p> <p>1-топ – Құстардың қандай пайдасы бар?</p> <p>2-топ – Құстарды орманмен не байланыстырады?</p> <p>3-топ – Құстар неге жанды табиғатқа жатады?</p> <p>ҚБ.«Серпілген сауал» әдісі.</p> <p>« – 1-топ, 2-топтың пікіріне қосыласың ба?»,</p> <p>« – 2-топ, 3-топтың жауабын тағы қалай толықтырасыңдар?»,</p> <p>«3-топ, айтылған пікірлерді бір сөзбен қалай айтуға болады?»</p> <p>МҚБ.Өзін-өзі бағалау.</p>	
<table border="1"> <tr> <td data-bbox="1283 1164 1656 1323"> <p>Дескриптор</p> <p>-тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;</p> <p>-мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап береді.</p> </td> </tr> </table>		<p>Дескриптор</p> <p>-тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;</p> <p>-мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап береді.</p>
<p>Дескриптор</p> <p>-тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;</p> <p>-мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап береді.</p>		

<p>«ТКО театры» әдісі. Үш топқа құстар бейнесі таратылады. Оқушылар рөлдерде сөйлесім әрекетін орындайды. Қолдауды қажет ететін топтарға үлгі ұсынылады.</p> <p>Үлгі: – <i>Сәлем, Карлығаш.</i> – <i>Сәлем, Тоқылдақ.</i> – <i>Тоқылдақ, сен қайда мекендейсің?</i> – <i>.....</i> – <i>Ұяны қайда саласың?</i> – <i>.....</i> – <i>Ағаштарға қандай жақсылық жасайсың?</i> – <i>.....</i> – <i>Адамдар саған қалай көмектеседі?</i> – <i>.....</i></p> <p>МҚБ. Топтардың өзара бағалауы. «Қолпаштау» әдісі. <i>Өте жақсы</i> – «браво»; <i>Жақсы</i> – «брависсимо»; <i>Ұнады</i> – «синьор».</p> <table border="1" data-bbox="186 1050 637 1323"> <tr> <td data-bbox="186 1050 637 1096" style="text-align: center;">Дескриптор:</td> </tr> <tr> <td data-bbox="186 1096 637 1171">– тақырыпқа қатысты сөздерді қолданады;</td> </tr> <tr> <td data-bbox="186 1171 637 1247">– кейіпкерлер сөзін дайындайды;</td> </tr> <tr> <td data-bbox="186 1247 637 1323">– өз ойларынан оқиға құрастырады.</td> </tr> </table>	Дескриптор:	– тақырыпқа қатысты сөздерді қолданады;	– кейіпкерлер сөзін дайындайды;	– өз ойларынан оқиға құрастырады.	<p>http://engine.org/aza-tili-peninen-saba-jospari-mektepti-edistemelik-tairibi-v3.html</p>
Дескриптор:					
– тақырыпқа қатысты сөздерді қолданады;					
– кейіпкерлер сөзін дайындайды;					
– өз ойларынан оқиға құрастырады.					

Соңы	<p>«ПОПС» әдісі. Үш топ мәтінге сәйкес сұрақтарға «ПОПС» формуласын құрастырады.</p> <p>1-топ. – <i>Құстар біздің досымыз ба?</i></p> <p>2-топ. – <i>Құстардың адамдарға пайдасы бар ма?</i></p> <p>3-топ. – <i>Құстар жанды табиғатқа жата ма?</i></p> <p>I. Менің ойымша... II. Себебі... III. Мысалы...</p> <p>IV. Қорытынды ҚБ. «Екі жұлдыз, бір тілек».</p> <p>МҚБ. Өзара бағалау</p> <table border="1" data-bbox="1264 899 1607 1171"> <tr> <td data-bbox="1264 899 1607 975" style="text-align: center;">ДЕСКРИПТОР</td> </tr> <tr> <td data-bbox="1264 975 1607 1171">– сұрақтарға толық жауап береді; – өздерінің пікірлерін айтады, дәлелдейді.</td> </tr> </table>	ДЕСКРИПТОР	– сұрақтарға толық жауап береді; – өздерінің пікірлерін айтады, дәлелдейді.	
ДЕСКРИПТОР				
– сұрақтарға толық жауап береді; – өздерінің пікірлерін айтады, дәлелдейді.				
	<p>Кері байланыс «БББ» кестесі.</p>			

Г.М. НСАНОВА,
 М.Әуезов атындағы
 жалпы орта мектебі,
 қазақ тілі мен әдебиет
 пәнінің мұғалімі.
 Атырау облысы,
 Құрманғазы ауданы,
 Құрманғазы ауылы

МЕН НЕ ҮЙРЕНДІМ?

Нәтиже сабақ

Оқу мақсаттары:	<p>2.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну.</p> <p>2.2.2.1 сюжетті сурет негізінде сөйлеу.</p> <p>2.1.5.1 тыңдау-көру материалдарындағы оқиғаларды түсіну, сұрақтар қою және сипаттау.</p>
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар орындай алады: қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсінеді.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: оқиғаларды түсінеді, сұрақтар қояды және сипаттайды.
	Кейбір оқушылар орындай алады: сюжетті сурет негізінде өз ойын айтады.
Күтілетін нәтиже	Тақырыпқа қатысты жаңа сөздерді толық меңгереді, шағын мәтін құрай алады.
Жаңа сөздер	Мектеп, үй, дүкен.

С а б а қ т а қолданылатын материалдар	Интерактивті тақта, тұсаукесер, суреттер, түрлі-түсті қима қағаздар.
Оқу әдістері	Түсіндіру, сұрақ-жауап, салыстыру, диалог, жұптық жұмыс, «шаттық шеңбері».
Дереккөздері	Әдістемелік құрал, дидактикалық материалдар, сөздік.
Сабақ барысындағы мұғалім мен оқушының іс-әрекеті	

Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу	Мұғалім оқушыларды шаттық шеңберіне тұрғызады. Түстер бойынша топқа бөледі.	Оқушылар сәлемдеседі, бір-біріне жақсы тілектер айтып, сәттілік тілейді.
Өткен сабақты тексеру	Үй тапсырмасын тексеру.  Ой шақыру «Өрмекші торы» әдісі – Оқу құралдары дегенде көз алдарына не елестейді?	

	– оқулық, дәптер, қалам, қарындаш, сызғыш, қазақ тілі, сөмке, ұштағыш, өшіргіш ...Балалар, қараңдаршы енді мына жіптеріңнен не шықты деп ойлайсыңдар? Өте жақсы, ендеше балалар сендердің айтқан сөздеріңнің барлығы өрмекшінің торындай бір-бірімен тығыз байланысты екен. Ендеше, назарымызды тақтаға аударайық.	
--	--	--

Қызығушылықты ояту	Баяу ойналатын музыка қойып, оқушылардан көзін жұмуды сұрайды. – <i>Ал, енді балалар, «Көз алдымызға мектепті елестетіп көрейік. Қоңырау үні, сөмке көтерген балалар, парталар, тақталар, кітаптар. Не деген керемет!».</i> Енді көздеріңді ашып, парта үстінде жатқан оқу құралдарына қараңдар! Кім маған оларды сипаттап береді? Балалар! Қараңдаршы! Бұл кім, білесіңдер ме? Иә, дұрыс айтасыңдар, «Гоу, Гоу Диего!» атты мультфильмнің кейіпкері – Диего. Ол орыс тілін, ағылшын тілін жақсы біледі,	
---------------------------	--	--


	<i>ал қазақ тілін сендермен үйренгісі келеді. Оқу құралдары. Сөмкесіне бәріміз де оқу құралдарын салайықшы. Ол үшін тақтадағы суреттерді алып, берілген тапсырмаларды орындап, суреттерді сөмкеге саламыз. Біздің мектебімізге келгісі келеді. Диегоға көмектесеміз бе? Ол бізге сөмкесімен келді, бірақ оның ішінде ештеңе жоқ. Қалай ойлайсыңдар, онда нелер болуы керек? Дұрыс. Оқу құралдары. Сөмкесіне бәріміз де оқу құралдарын салайықшы. Ол үшін тақтадағы суреттерді алып, берілген тапсырмаларды орындап, суреттерді сөмкеге саламыз.</i>	
II. Мағынаны тану	1. Сөздікпен жұмыс. Оқу құралдары Қаламсауыт Кітап Дәптер Қалам Сөмке	Қалың Жұқа Алыс Жақын Жасыл Қызыл

КЕЙІПКЕРЛЕРДІ СИПАТТАЙМЫН. “Ю” ӘРПІ


	<p>желкенді жасыл түспен боя.</p> <p>* Егер қиындықтар болып, оларды жеңе білсең, желкенді сары түспен боя.</p> <p>* Егер қатты қиналсаң, менің көмегім қажет болса, желкенді қызыл түспен боя.</p>	
<p>Қорытынды бағалау Ең жақсы өткен 2 нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)</p> <p>1. Оқушылар топқа бөлініп ынтымақтастықта жұмыс жасай білді.</p> <p>2. Жұптық тапырманы тез әрі сауатты орындай алды.</p> <p>Қандай 2 нәрсе немесе тапсырмалардан да жақсы өтуіне ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?</p> <p>1. Өз ойын еркін айтып, оны дәлелдей білді.</p> <p>2. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары жоғары, жекелеген оқушылардың ынтасы қалыптаса бастады.</p> <p>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?</p>		

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаты:	1.2.1.2. Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.
Бағалау критерийлер:	Барлық оқушылар орындай алады: 1. Әріптерді таниды, жазады. 2. Сурет бойынша әңгіме құрастырады. 3. Сөз санын анықтайды.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: 1. Сөздерді буындап оқиды. 2. Сөздерді сәйкестендіреді. 3. Сұраққа жауап айтып, талдайды.
	Кейбір оқушылар орындай алады: 1. Проблемалық сұрақты шешіп, дәлелдейді. 2. Мәтін мазмұнын салыстырады, сипаттайды, қорытындылайды. 3. Барлық жағдайда шешім қабылдайды.


Тілдік мақсат:	Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Мәре, жеңімпаз, кейіпкер, сипаттау.			
	Сыныптағы диалог\ жазылым үшін сай келетін тіл стилі: <i>1.Топтық жұмыс, жұптық жұмыс кезінде;</i> <i>2.Мұғалім мен оқушы арасында;</i> <i>3.Айтылым, жазылым.</i>			
	Талқылауға арналған сұрақтар: – <i>Ю қандай дыбыс?</i> – <i>Қандай сөздерде кездеседі?</i> – <i>Оқыған мәтініміз не туралы?</i> – <i>Аю басында қалай жүгірді?</i> – <i>Оны нелер шақты?</i> – <i>Соңында қайсысы бірінші келді?</i> – <i>Не себептідеп ойлайсыз?</i> – <i>Неліктен Ю қосарлы дауысты дыбыс деп аталады?</i> – <i>Неліктен аю бірінші келді?</i>			
	Ишара: Басбармақ, «Алма ағашы».			
Алдыңғы оқу:	Ф дыбысы мен әрпі			
Жоспар				
Жоспарланған уақыт есебі	Жоспарланған жаттығу түрлері			
	тапсыр-малар	дескрип-торлар	бағалау	Ресурстар

Басы 1.Ұйым-дастыру				
	2.Топқа бөлу	Оқушылар топқа бөлінеді. 4 Алдыңғы оқу. Топтық жұмыс: 1-топ: Жұмбақ <i>Стол үстінде тұрағы</i> <i>Бар аузы, құлағы.</i> <i>Қажет болса шақырып,</i> <i>Қоңырауын ұрады.</i> <i>А л ы с т а ғ ы адаммен</i> <i>Сөйлесіп тұрады.</i> (Телефон) 2-топ: Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жаз. <i>Ко.е,</i> <i>е.рма,</i> <i>ото,</i> <i>теле.он,</i> <i>утбол.</i> 3-топ: Суреттерге назар аударып, атауында «Ф» дыбысы бар сөздерді қоршап сыз.	Жұмбақ-тың шешуін табады. Тал-дайды Тиісті әріп-терді қояды. «Ф» дыбысы бар сөз-дерді қоршап сыз.	Та-ма-ша! Жарайсың! Тамаша! Жарайсың!
Ортасы	Ойлан, тап! <i>Орманнан жалпақ даладан</i> <i>Бал іздеп бірақ жортады.</i> <i>К і п - к і ш к е н е арадан,</i> <i>Үп-үлкен боп қорқады.</i> Жаңа сабақ Ю дыбысымен танысамыз.			Слайд

<p>* 1. Бейне жазба арқылы таныстыру. «Сиқырлы әліппе»</p> <p>* 2.Й+ У=Ю қосарлы дауысты дыбыс.</p> <p>* 3.Ю дыбысы сөздің соңында келеді, қайталап оқыту.</p> <p>* 4.Ю әрпінің жазылу емлесі. (Бас әрпі, кіші әрпі)</p> <p>Сергіту сәті «Қара жорға»</p> <p>Оқулықпен жұмыс:</p> <p>* 1.Ю дыбысы бар сөздерді дауыстап, буындап оқыту.</p> <p>* 2.Мәтінді іштей түсініп оқыту.</p> <p>* Суретпен жұмыс:</p> <p>* 5. «Жеңімпаз аю» мәтінін оқып, түсіндіру.</p> <p>* Кейіпкерді сипаттау туралы ұғым.</p> <p>Топтық жұмыс: Мәтінді талдайды.</p> <p>* 1-топ. Мәтіннің тақырыбы;</p> <p>* 2-топ. Мәтіндегі кейіпкерлер;</p> <p>* 3-топ. Мәтіннің соңы.</p>	 <p>Сергіту сәті Қара жорға</p> <p>Ю дыбысы бар сөздерді дауыстап, буындап оқиды.</p> <p>2. Мәтінді іштей түсініп оқыту.</p> <p>Жауап береді.</p>	<p>Бейне-жазба арқылы түсіндіріледі.</p> <p>Оқулық</p>	<p>Керемет! Тамаша!</p>
--	--	--	-----------------------------

	<p>Дәптермен жұмыс: Ю әрпін жазу.</p> <p>«Кейіпкерді сипаттау» ойыны</p>  <p>Сұрақ - жауап (қандай?)</p> <p>1. Аю қандай аң? 2. Түсі қандай? 3. Оның аяғы қандай болады? 4. Ол қайда тіршілік етеді?</p>	<p>Дауыстап оқиды.</p> <p>Іштей оқиды.</p> <p>Тізбектеп оқиды.</p> <p>Аюды сипаттайды.</p> <p>Сұраққа жауап беріп, сипаттайды.</p>	<p>Өте жақсы!</p> <p>Жарайсың! Керемет! Өте жақсы</p>	<p>Суреттер</p> <p>Слайдтан суреттер</p> <p>Оқулық</p> <p>Бейне-жазба</p> <p>Дәптер</p> <p>Постер</p>
<p>Соңы</p>	<p>Топтық жұмыс:</p> <p>1-топ: Ю әрпі бар сөздер жазу. (“Топтастыру” стратегиясы.)</p> <p>2-топ: Қою сөздеріне сөйлем құрастыру. (“Кір жайғыш” стратегиясы.)</p> <p>3-топ: Ою құрастыру. (Постер құрастыру.)</p>		<p>Басбармақ, жарайсындар!</p>	
<p>Қосымша мәліметтер: Жарыс туралы, аңдар туралы.</p>				

<p>С а р л а у – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қ а б і л е т т і о қ у ш ы ғ а т а п с ы р м а н ы қ а л а й түрлендіресіз?</p>	<p>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пән аралық байланыс:</p>
<p>Қима қағаздарды құрастыру, карточкалар беру.</p>		<p>М у з ы к а , математика, көркем еңбек.</p>

<p>Рефлексия</p>	<p><small>«Алма ағашы» әдісі. «Алма» суреті – мен бүгін бәрін жақсы орындадым, менің көңіл – күйім көтеріңкі. Ал «жапырақ» суреті мені тапсырманы орындай алмадым, көңіл – күйім жоқ.</small></p>  <p>«Алма ағашы» әдісі. Оқушыларға сабақ басында «алма» және «жапырақтың» суреттері беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. «Алма» суреті – мен бүгін бәрін жақсы орындадым, менің көңіл - күйім көтеріңкі. Ал «жапырақ» суреті – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл - күйім жоқ.</p>
-------------------------	--

Өмір-өлен



Ж. Д. ТӨЛЕУБАЕВА,
№25 жалпы орта білім беру мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Шаһкәрімтану» орталығының меңгерушісі. Павлодар қаласы

ҰСТАЗЫМА

(56 жыл ұстаздық еткен әкем Серіков Дәрібайға арнаймын)

*Өшпейтін есім – жанымның қалауы,
Қалдырған сөзі – ақыл-ой жалауы.
Өлеңмен өрген шағын сыйыммен,
Жалындап, лаула, ұстаз алауы!*

*Ел қамы үшін білім іздейді,
«Шәкірт жолына салам із», – дейді.
Болашағына сенімді ұстаз:
Толқыннан қорықпа, қарсы жүз!» – дейді.*

*Жеткенше шәкірт биік шыңдарға,
Түседі ол да талай сындарға.
Кетпесін ұстаз есіңнен мәңгі!
Ұмытпа оны, ұмытпа әнді!*

СӨНБЕС ШЫРАҚ

*«Адалдың жері жоқ ақырда жеңбейтін,
Тарихта әрқашан адал жан өлмейтін», –
деп әкем Шәкәрім сөзімен өрілген,
Қалдырды жазуды ешқашан сөнбейтін.*

*Бес жастан есте қалған дүниесін,
Аптыстың тоғызында қолға алған-ды.
Адалдықтың ақ туын нық ұстанған,
Шәкәрімді ап есіне бір толғанды.*

*Сөз еткен Еңлік пен Кебек жайын,
«Қалқаман мен Мамырдың» тамызып
майын.*

*Тайға таңба басқандай жазуымен,
Оқи берсең болады бәрі дайын.*

*Қиссаларды жатқа білген әкемнен,
Естігенмін «Қалқаман мен Мамырды»
Жыр қылатын таң тамаша ойға орап,
Шәкәрімнің мұрасымен тамырлы.*

*Хабарсызбыз, айтуға қылғаннан шек,
Қызыққаннан сұраймыз жағалай кеп.
Балалықпен көкірегіме байланбапты,
Есімі қапты есімде, басқасы тек.*

*«Айтылар ол туралы әлі», – дейтін,
Шешен тіл, асыл сөздің қамын жейтін.
Адалдыққа баулыған ата-анам:
«Болсаң адал, сөнбейді шамың!» – дейтін.*

*Мықтап мінсе, шабытының пырағын,
Толастар ма, тау суындай жыр ағын?!
Жаққаны сөнбеу үшін мәңгілікке,
Маздатайық, даналықтың шырағын!*

*Жүректерден орын алған – тұрағы.
Болайықшы, мұрасына қырағы.
Ер Түріктің ұрпағына аманат:
«Алауласын, Шәкәрімнің шырағы!»*

БІЗ ОСЫ ШАҢКӘРІМДІ БІЛЕМІЗ БЕ?

*Білгіміз келе берер білген сайын,
Білеміз бе, Шәкеңнің аты жайын ?
Әр атында өзіндік мағына бар,
Рұқсат болса, білгенімше тарқатайын:*

*Зерделеп түйгенімді айтайын дөп,
Ғұлама, кемеңгерді таниды көп.
Абайға іні, Құнанбай немересін,
Азан шақыра қойыпты: «Шаһкәрім» деп.*

*Жетімдікті көрсетпей ата - әжесі,
Өсірді оны ақылды ерке етіп.
Абайдан тәлім алған ойлы жасты,
«Шәкәрім» деп атапты еркелетіп.*

*Ұзақ жылдар зерттелмеу жанға батты,
«Ақтың жолы - хақ» деген, таңы да атты.
Ғалымдар сөз қозғаса, жиі естиміз,
Мәртебелі «Шәкәрім» деген атты.*

*Мәңгі жасау бұйырған керегімен,
Жыр төгілген дер едім жүрегінен.
«Мұтылған» деп өзіне қойса да ат,
Ұмытпас ел, көз жазбас тірегінен!*

*Қапаланды «жолсыз жаза» қамалында,
Болды ежеттес Мұқаңмен заманында.
Озық ойы «Шұбардың» түрткі болып,
Сомдалған «Абай жолы» романында.*

*Жазықсыз жаламенен жаны іліккен,
Ғұмырының соңы өтті жоқ күдікпен.
Жатса - дағы отыз жыл құр құдықта,
Қайта оралған Арыс – ол, зор үмітпен!*

Кітапхана тынысы

**Р.Б. ҚАРАҒҰЛОВА,
С.Бәйішев атындағы
кітапхананың қызметкері.
Ақтөбе қаласы**

Р.ҒАМЗАТОВ – МЕЙІРІМДІЛІК ПЕН АДАМГЕРШІЛІК АҚЫНЫ

«Мен Расул өлеңдерін көптеп аударып жүрмін... Расул – ой мен сезімді қатар ұстайтын, халық даналығына көбірек арқа сүйейтін ақын. Мұндайда бір сөзді дұрыс қолданбасаң, бір сөзді тамырын дәл баспасаң, еңбегіңнің зая кеткені. Жыр деген – ақынның перзенті. Оны өз перзентіндей көрмесең, аударып әуреленудің де керегі жоқ. Қайта өз дүниеңнен гөрі оған көбірек жаның ашыса керек. Өйткені, ол бейтаныс басқа жұртқа перзент болуға бара жатыр.

Расул өлеңдерін аудару арқылы өзім де көп нәрсені көңілге түйгендеймін. Шамам келгенше, әр жырды әлсіретпеуге тырыстым...».

Сағи Жиенбаев.

Жуырда С.Бәйішев атындағы Ақтөбе

облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы «Литература без границ» жобасы аясында заманының заңғар ақыны Расул Ғамзатовтың 95 жылдығына арналған «Расул Ғамзатов – поэт добра и человечности» атты поэзия кешін ұйымдастырды.

Шара жүргізушісі: *«...Аты әлемге жайылған авар ақыны Расул Ғамзатовтың жырлары, оның «Жарық жұлдыздар», «Менің Дағыстаным» қазақ жұртшылығына да жақсы таныс. Оның өлеңдерін С. Жиенбаев, Қ. Мырзалиев, Ә. Кекілбаев, С.Мәуленов, Т. Молдағалиев, Ш.Мұхамеджанов т. б. ақындар тамаша аударған.*

Р.Ғамзатов – достыққа адал болған адам. Қазақстандық ақын-жазушылары М.Әуезов, М.Қаратаев, М.Базарбаев, Қ.Мырзалиев, М.Әлімбаев, О.Сүлейменов, М.Шаханов және т.б. тұлғалармен жақсы шынайы достық қарым-қатынаста болып, М.Әуезовтің шығармаларын аса жоғары бағалап, «Мұхтар-аға» өлеңін арнады» – дей келе, әлемдік музыка саласында өзіндік орны бар ерекше композитор Ғазиза Ахметқызы Жұбанова Р. Ғамзатовтың «Знамя» журналында жарияланған «Остров женщин» («Әйелдер аралы») атты поэмасын

оқыған соң, «Әйелдер аралы» ораториясын жазғанын айтты.

Поэзия кешіне Ақтөбе облыстық Дағыстан халықтарының «Дағыстан» этномәдени қоғамының төрағасы Даази Омаров, «Актюбинский вестник» облыстық газетінің тілшісі Татьяна Виноградова, А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Айгүл Санақызы Каушева, С.Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы Шынар Манарбекқызы Қошанова, №39 қазақ жалпы білім беретін орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мансия Шүкірқызы Қарағұлова қатысып, ақын туралы жылы лебіздерін білдірді.

Шарада кітапхана оқырмандары Аида Имашова, Махаббат Махамбеталы, Диана Әбілғазы, Аружан Салимгерей, Рафаэль Рустамов, Дильназ Мукашева, С.Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасы «Ақ қауырсын» клубының мүшелері Елдос Жолдығарин, Ақниет Көшербайқызы, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының

кітапханашысы Ақмарал Мұқашева Р.Ғамзатовтың «Берегите матерей», «Берегите друзей», «Рождение песни», «Я в сотни девушек влюблен», қазақ тіліне аударылған «Сары жапырақ», «Тау қарттары», «Жұлдыздар», «Менің Дағыстаным» және т.б. өлеңдерін оқып берсе, А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжінің әншісі Наурызалы Басығараев Р.Ғамзатовтың сөзіне жазылған «Журавли» әнін тамаша орындады.

Шара барысында абонемент бөлімінің қызметкерлері көрермендерге Дағыстан Республикасы Р.Ғамзатов атындағы Хасавюртов қалалық орталық кітапханасының директоры Эльмир Якубовтың бейнеүндеуін, «Вся жизнь моя – в моих стихах» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу ұсынса, автоматтандыру бөлімінің қызметкерлері «Расул Гамзатов – поэт добра и человечности» фото-шежіре слайд, «Красота Дагестана» бейнематериалдар көрсетті.

А. ҚАЙНАҚАЕВА,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының қызметкері.
Ақтөбе қаласы

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН ТҮРЛЕНГЕН МӘДЕНИЕТ

“Орталық Азия – тарихы бай, өзіндік мәдени мұрасы бар адамзат өркениетінің көне бесігінің бірі. Біз ортақ құндылықтарымыз бен бірегей дүниетанымымызды сақтап қалдық. Бұл мереке біздің бірлігімізді, рухани тұтастығымыз бен көп ғасырлық достығымызды одан әрі нығайтуға қызмет ете берсін”, – деді Н. Назарбаев.

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы «Рухани жаңғыру» сондай-ақ, «Қазақстандағы Өзбекстан күндері» аясынада №30 орта мектепте «Тәуелсіздікпен түрленген мәдениет» атты ауызша журнал өткізді.

Қазақ пен өзбек – түбі бір туысқан халықтар. Екі елдің арасындағы тарихи қарым-қатынас бауырластық пен достыққа негізделген. Қазақстан мен Өзбекстан бұл

байланысты тәуелсіздік жылдары сақтап қана қоймай, нығайтып, жаңа деңгейге көтерді. Қазақстанда Өзбекстан жылы деп 2018 жыл жарияланып, тиісті мәлімдемені Өзбекстанға ресми сапармен барған Нұрсұлтан Назарбаев әріптесі Шавкат Мирзиёевпен кездесуінде айтқан еді. Өзбек диаспорасы Қазақ елінде саны жағынан үшінші орында тұр. Ресми деректерге сүйенсек, олардың саны 550 мыңнан астам. Оңтүстіктегі көршімізбен бізді 2354 шақырым шекара біріктіріп жатыр. Екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың орнағанына биыл – 25 жыл. Осы уақыт ішінде жүздеген құжаттар бекіп, мемлекеттер арасында бауырлас ынтымақ орнады. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы Дипломатиялық қарым-қатынастары 1992 жылдың 23 қарашасынан бастап бекітілді. ҚР-ның елшілігі ӨР-да 1993 жылдың қарашасынан, ал Өзбекстан Республикасының Елшілігі Қазақстан Республикасында 1993 жылдың шілдесінен бастап жұмыс істейді. Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынаста негізге алынатын қағидалар Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек

көрсету туралы шартта белгіленген. Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы тұрақтылықты нығайту үшін достықтың маңызы зор екенін атап өтпеуге болмайды. Ал экономикалық қатынаста, екі жақтың күш-жігерлілігі негіз болып келеді. Қазақстанның Өзбекстанмен осындай екі жақты қатынастары жемісті түрде дамып келеді, өйткені олардың негізіне тәуелсіздік, шекараларының бұзылмауы, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, тең құқылық және өзара тиімділік сияқты әмбебап қағидалар алынған.

Шарада кітапхана қызметкері Қошанова Шынар мектеп оқушыларына Өзбекстан мемлекеті туралы, тарихы, мәдениеті, әдебиеті, халқы, Қазақстанмен достығы туралы кең көлемде түсінік беріп өтті. Шараға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы Сатыбалдина Мейрамгүл, Скаков Данияр, Қожағали Айдар, Төлегенова Гаухар, Саудабаева Фариза, Есенгелді Бекзат атты 8 «В» сынып оқушылары қатысып, белсенділік танытты. «Тамыры бір туысқан Өзбек елі» кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалды.

Г. КАЛДИНА,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының директоры.
Ақтөбе қаласы

КІТАПХАНАШЫЛАР ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫНА САЙ ЖОСПАР ЖАСАУДА

Қазан айының 5 жұлдызында сағат 10.00-де С. Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының ұжымы ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ» Жолдауын тікелей эфирде көріп, талқылады. Бұл отырысқа кітапхана ұжымы, үкіметтік емес ұйымдар қауымдастығының қызметкерлері және кітапхана оқырмандары қатысты.

Жиынға қатысқандар арасында, әсіресе, Н.Ә.Назарбаевтың атап өткен басым бағыттары – қызметкерлердің еңбекақысын көтеру, жас кәсіпкерлер мен Отандық өнім өндірушілерді қолдау, білім саласында сапаны арттыру, спорт секцияларына жастарды тегін тарту, тәртіп сақшыларының қызметтерін жаңаша үлгіге ауыстыру, ауылшаруашылық саласын дамыту

т.б. мәселелерді қозғағаны көпшіліктің көңіліне сенім ұялатты. Бүгінгі таңда қолжетімді баспана мен банктегі несие саласын қайта қарау мәселесінің көтерілуі әсіресе жас мамандардың құлшынысын арттыра түскендей.

Жас кітапханашы Аяулым Зейнекен: *«Мен Елбасымыздың бізге, әсіресе жастарға сенім арта сөйлегеніне риза болдым. «Ең бастысы – олар мұны тек жалақыны көбейту ғана емес, бәрінен бұрын, жұмыстарының тиімділігін арттыру деп түсінуі керек» – деген сөздің өзінен көп нәрсе ұғуға болады. Мәселе – жалақының өсуінде ғана емес, соған сай қызмет атқаруда. Осы кітапханаға қызметке орналасқаныма екі ай ғана болса да, енді мен осы сенімге лайық тиімді және елімізге пайдалы, жаңаша идеялармен жұмыс жасағым келеді. Сол үшін қуанып тұрмын»* – деп өз пікірін білдірді. Өзге де мамандар мен қонақтар сапалы білім мен білімді кадр туралы өз ойларын ортаға салды. Біліктілікті арттыру курстары болса, бәрі де жаңаша стильмен жұмыс жасауға ынталы екендіктерін жеткізді.

Жиын соңында кітапхана қызметкерлері осы Жолдауға сәйкес арнайы жоспар жасап, сол жоспар бойынша сапалы жұмыстар атқаруға құлшына кірісті.

Бас редакторы – Гүлдәрі ЖҮСПОВА.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.11. 2018 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №11, 2018 ж., 144 бет, Алматы.